

СУДАН ҚҰРТ ШЫҒУЫ МҮМКІН БЕ?

АҚМЕШІТ жастары Қызылорда облыстық жастар газеті № 25 (406) 24 маусым, 2021 жыл



Мөлдір САБЫРЖАН

Бұл ақпарат сізді елең еткізуі мүмкін. Басында біз де таң қалдық. Сол себепті де көзбен көруді жөн көрдік. Сейтіп сол жағалаудағы Толқын Баймаханованың пәтеріне бет алдық...

Әлихан ЖЫБАТҚАН, Қызылорда Жергілікті Полиция қызметінің Патрульдік Полиция Батальонының қызмет инспекторы, полиция аға лейтенанты: НАР ТӘУЕКЕЛ - ЕР ІСІ

Ол бала күнінен біртөкпей, ер мінезді болып өсті. Марқұм әкесі Мәделхан осы қызметте абыроймен жұмыс істеген еді. Ол ұлдарын да ер мінезді, адал азамат етіп тәрбиеледі.

Ерхан АҚЫН

Әрбір полиция отбасының қорғаны Отбасымызда құқық қорғау органдарында қызмет атқарған әкемінен бөлек ағалары да болды.

Полиция қызметтері қандай болу керек? Полиция - қоғамның айнасы. Біздің мамандықтың абырой-беделі тікелей ел сенімінен өткенде.

Полицейлерді "парақор" деп айтатындарға ренжімеймін "Жұрттың не айтатында шаруам жоқ, оларға ренжімеймін де."

Қиындықсыз жетістік жоқ "Әрбір жұмыстың қиын жақтары болады. Біздің саланың да өз қиындықтары бар."

ЖАҢА МЕДИАНЫҢ ЖОЛАШАРЫ

QYZYLORDA NEWS.KZ

Аймақтың ақпарат айдынында тың жаңалық болған «Qyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің құрылғанына биыл - 10 жыл.

А.ӘБСАДЫҚ

- 2010 жылы елімізде интернет басылымдар мен ақпарат агенттіктері бірінші рет ашылды, электронды ақпарат құралдары саласында үлкен өзгерістер болып жатты.

газет жанынан сайттары жұмыс істейді. Бірақ олардың форматы ақпарат агенттігіне сәйкес емес. Ойлана келе, «Qyzylorda-news.kz» интернет газетін ашуға бел будық.

басылым ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Мәзірмді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №11930-Ж күнігін алды.

Осы тұста агенттіктің жұмысын алға жылжытып, шығармашылық жолда деңгейін төмендетпей, ұдайы халықтың үніне айналыр сыйды алға үлкен мақсат қойылды.

Әрине, бастапқы кезеңде интернет газеттің жұмысы бір жолға түсіп кете қоймайды. Халықтың көзі, құлағы «электронды басылым», «интернет газеті» деген өзге әлі үйренбеген.

Сыр елінің ақпарат айдынындағы тұңғыш интернет ресурстың алғашқы қызметкерлері - бас редактордың орынбасары Нағымжан Сауяев, журналистер Гүлнар Құлмұратова, Алматы Кенжебеков, Гүлнәз Бисен, оператор Нәсретдин Бахманов агенттіктің алдына қойған мақсат-мұратына жету жолында «бір жағадан бас, бір жеңнен құл» шығарып, ұйымшылдық таныта білді.



ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күніне орай жастармен кездесу өтті.


«Баршаныңды Мемлекеттік қызметші күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Биыл – Ел тәуелсіздігіне 30 жыл! Егемендік жылдарында дүниеге келген ұрпақ бүгінде мемлекеттік қызметшінің әр саласында табысты еңбек етуде. Ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқататын мемлекеттік қызметші болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметші қызметі кезең де биліктің бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді. Осы ретте, Сыр елінің өсіп-өркендеуі мен дамуына үлес қосатын өздеріңізсіздер!» – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Кездесуде модератор – ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Рафхат Бисенов Ассамблеяның Қазақстанды бейбітшілік пен татулық орныққан ел ретінде бүкіл әлемге таныпал өткенін атап өтті. «Қазіргі таңда қазақ жерінде қалыптасқан достық пен келісім арасында 100-ден аса этнос пен 18 конфессия бейбіт өмір сүріп жатыр. Саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді іске асыруда Қазақстан халқы ассамблеясы жетекші рөл атқарады», – деді Рафхат Бисенов.

Мерекелік кездесуде Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Юлия Тримова, облыстық неміс этномәдени бірлестігінің белсендісі, II дәрежелі «Достық» орденінің иегері Светлана Крюгер және «Zoot» желісі арқылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Геннадий Шиловский пен Қазақстан – Британ техникалық университетінің студенті Евгений Демиденко мемлекет тарапынан жастарға көрсетіліп жатқан қолдауға алғыс білдіріп, мемлекеттік қызметші аса жауаптылықты талап ететінін атап өтті. Ал Қорыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті, ҚХА жанындағы «Абай қазынасына саяхат» клубының жетекшісі Елена Пак Абайдың шығармалары елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне ерекше ынталандыратынын айтты.

Атап өтуі қажет, бүгінгі таңда облыста мемлекеттік қызметшілердің саны 3471 болса, оның 496-сының жасы отызға толған жоқ. Облыста Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының 22 және «Болашақ» бағдарламасының 4 түлегі түрлі салада қызмет атқарады.

NEET САНАТЫНДАҒЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ



NEET санатындағы жастарды анықтау жұмыстары өлі де жалғасуда. Бұл жолы орталық мамандары қос елді мекен орналасқан Қосшы-Ұярау ауылдық округіндегі жастарды тізімге енгізді. 3500-ге жуық халық тұрақтанған ауылдық округте мониторинг тобы Абай және Досан ауылдарына бөлініп, жұмысын жалғастырды.

Зерттеу барысында орталық мамандары мен Қызылорда облысының «Волонтерлар фронт-офис» белсенділері арнайы дайындалған сауалнаманы әр шаңырақтағы жасқа (14-29) таныстырып, топтастырды.

Еске сала кетейік, мониторинг мамандарының ауылдық округтердегі жастарды зерттеу жұмыстары Қосшы-ұярау ауылдық округімен түйінделді. Ендігі кезекте, NEET санатындағы жастарды анықтау бойынша қала орталығындағы аумақтық бөліністе жұмыстар жалғаспайды.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАР ТУЫНДЫЛАРЫ



Жаңақорған ауданы ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастырумен қайырымды істер марафоны аясында «Ерекше жандар туындылары» тақырыбында мүмкіндігі шектеулі жандардың қолынан шыққан бұйымдардың әлеуметтік жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкеде Жаңақорған аграрлы техникалық колледжінің студенттері өз бұйымдарын халық назарына ұсынды. Жас тігіншілердің құрақ көрпешесі, қоспемесі, төсеніші т.б. қолдан жасаған бұйымдары ерекше сұранысқа ие болып, 1 сағат ішінде сатуданалып кетті.

Ауданда 2000-нен астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. Арасында қолынан сан түрлі өнер келетін жастар көп. Өнерлі жастарды қоғамға араластыру үшін осындай түрлі жәрмеңкелер мен көрмелер т.б. шаралар өткізу жолға қойылған.

ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



«Дидар» халықтық этно-фольклорлық ансамблі өткен аптада есеп берді. Есеп беру кешінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі әнші Жеңіс Ысқақова өнер көрсетті. Жеңіс Ермағанбетқызы 2021 жылдан бастап университеттің «Дастурлі музыка өнері және хореография» кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет атқарады.

Айта кетейік, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дидар» ансамблі 2000 жылы наурыз айында құрылған. 2021 жылы ансамблдің құрамы 50 пайызға қайта жасалып, музыкалық аспаптар 90 пайызға, репертуары 80 пайызға жаңартылды. Қазіргі таңда ансамбльдің жаңа деңгейге көтеру мақсатында көркемдік жетекшісі әрі дирижері

21 маусымнан бастап Қызылорда қалалық Полиция басқармасының қызметкерлері «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ» акциясын жүргізуде.

Мақсат – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу, ана мен баланы қорғау, отбасының қоғамдағы рөлін нығайту бойынша қабылданып жатқан іс-шаралармен таныстыру. Осыған байланысты қалалық ПБ-жергілікті полиция қызметі бөлімінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі топ қызметкерлерін, уәкелеті инспекторларды, ювеналды полиция бөлімінің қызметкерлерін тарта отырып, бірлескен рейдтер ұйымдастырылады.

ЕСЕП БЕРУ КЕШІНЕН



қызметіне ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, қауымдастырылған профессор Мүсілім Әмзе шағырылды. Ансамбль Түркия, Оңтүстік Корея елдерінде Сыр елінің өнерін паша еткен. Халықаралық «Шабат» және республикалық «Ғасырлар үні», «Жұбанов көктемі» фестивалдерінің бас жүлдесіне ие болған.

САЙЫСҚА ТҮСТІ



Сырдария ауданы ішкі саясат бөлімінің қолдауымен Қызылорда облысының жастар одақтары қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен аудандағы ерекше жандар арасында қол күрес пен бір тасын көтеруден спорттық жарыс өтті.

Аталған жарысқа 20 адам қатысып, қазылар алқасы алдында өз өнерлерін көрсетті. Қол күрестен Мара Қалеев I орын, Балтабай Қалеев II орын, Нұрлан Қалеев III орынды иеленді. Сондай-ақ бір тасын көтеруден Н.Абдуғалларов I орын, Б.Пирманов II орын, Б.Тасболатов III орын иегері атанды.

КИНО ЭСТАФЕТА

«Сыр үміті» жастар қауымдастығы «Кітап құрттарымен» бірлесіп «До-су!» қалалық жастар орталығында «Кино эстафета» сайысын өткізді.

Үш кезеңнен тұратын командалық сайыс өте қызықты өтті. Бірінші кезең «Кинотарих» деп аталды. Онда командалар отандық және шетелдік кинолар мен оның тарихы туралы сұрақтарға жауап берді. Екінші кезең OST-SCORE кино әуендерін табу болса, үшінші кезең кино диалог болды.

Жеміпмаз командаларды облыстық мәслихат депутаты, «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев арнайы «Кітап ал»



дүкеннен кітап сатып алу үшін 20 000-10 000 теңге аралығындағы сертификатпен марапаттады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘРМҰКЕ

«Жастар ресурстық орталығы» және «Волонтерлар фронт офисінің» ұйымдастыруымен әлеуметтік жәрмеңке өтті.

Жәрмеңке сапалы, күтіп киілген, пайдалануға жарамды тауарлар шығарылды.

«Середе жинақталған киімдер арасынан еңбектеген сабыдан бастап, орта жастан асқан адамдардың барлығына тұрмыстық тауарлар табылып қалады. Мұндай әлеуметтік жәрмеңке облыста алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Жиналған тұрғындар үшін әлеуметтік жәрмеңкенің септігі тигеніне қуаныштымын. Сонымен қатар бұндай игі шараны алдағы уақытта көшпелі негізде ұйымдастыру жоспарда бар, – дейді Волонтерлар фронт офисінің жетекшісі Болатбек Айтөбетов.

Әлеуметтік жәрмеңкенің тұрғындар үшін көмек болғаны сөзсіз. Бұл игі шара аясында Қызылорда қаласының түпкір-түпкірінен келген отбасылардың қарасы қалып. Бірі балаларына киім таңдаса, келесі бірі сол жерден өздеріне уағадарын киім көріп, дорбаларын тоқтыра өкүтуде.



Кездесуге жас мамандар ауылдық округтің жұмыссыз жастары және 9-11 сынып оқушылары Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Ө.Бижанов «Ұлт бірлігі – Қармақшы» Төрағасы Ш.Құндақбаев, Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция капитаны А.Қасымова және «Төретам жастары»

ТАБЫСТЫ БОЛ!

Қармақшы аудандық ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде «Қызылорда облысының жастар одақтары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен кәсіпкерлік бағыттағы мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау мақсатында «Табысты бол!» тақырыбында және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқық бұзу індет – оны жою міндет» тақырыбында, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында кездесулер өтті.

ЖҚБ төрағасы Г.Маханова, аудандық Жастар денсаулық орталығының психологі Ө.Кетебаева және Қызылорда облысы дін істері басқармасының Қармақшы ауданы бойынша теолог Ж.Ысқақов қатысты. Кездесуде тұрмыстық зорлық-зомбылық, отбасындағы құндылықтар жөнінде әңгіме қозғалып, жастардың ұсынғыс пікірлері тыңдалды.

«ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА МЕН»

Тұңғыш рет Қызылордада ерекше форматта мектеп директорларының жиыны өтті. Бұл – лиганың оқу жылындағы қорытынды жиыны.

Жылғына облыстық білім басқармасының басшысы Ақира Қасымова, қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Баймұраева және біртұра мектеп директорлары жиналды. «re-Start: Жаңа әлемдегі жаңа мен» атауында өткен директорлар жиынында 10 кезеңлі тақырыбын арқау етіп алып, тақырыптарға негізделген мәселелерді пікір алмасу форматында талқылады.

Шарада білім орнының басшылары қызықты тақырып аясында ой бөлісті. Мәселен, №176 орта мектеп директоры Қадірқұл Шаймағанбетова «Директордың 10 кезеңлі тақырыбын арқау етіп алып, ортаға жиналған директорларға төте сауал қойып, пікір алмасты. Ал №3 IT лицей директоры Ләззат Әбенова «Директордың жылдық дамуындағы жылдық жоспар модулі» тақырыбын ашып берді. Жеке және жылдық жоспарды құрудың жолдарын тарқатты. Сондай-ақ №43 орта мектеп директоры Бақытжан Иманбердиева «Көшбасшыдағы эмоционалды интеллект» бағытында ой ербітті. Арнайы бейнесожект арқылы директорларға тығырықтан шығар жолды нұсқап, тосыннан сұрақтар қойды. Ал облыстағы ең жас мектеп директоры №164 орта мектеп директоры Жанболат Аметжанов «Педагогпен диалог» тақырыбында қызу пікірталас ұйымдастырды.

Жиында Ақзира Бактыбайқызы директорлардың бәсеке ағынына қарсы төтеп беру, өзіндік даму, ата-анаман байланыс туралы ойымен бөлісті.

«Директорлардың еркін пікір алмасуы алаңын көргендей болдым. Шын мәнінде, қазіргі заман талабы директорларға кабинеттік басқару жүйесінен алыстайтын уақыт жеткенін айқындап отыр. Өз мектебіндегі мүғаліммен жанық қарым-қатынас орната алмаған директор басқарушылық сатыда көрінбеуі мүмкін. Оқушылармен, ата-аналармен жұмысты жүйелі жолға қойған директордың әрбір жұмысы сондай өлшемшарттармен бағаланады. Әрине, бірінші кезекке мақұм, сапаны жою қажет. Білім беру стандартын менгерту үшін директор жан-жақты жұмысты үйлестіруі қажет. Жаңа білімді игеру, педагогтардың жағдайына кіру, ата-аналардың тілін табу ең маңызды керек қасиет. Бұл ретте алдағы оқу жылына табысты бастайсыздар деп сенемін», – деді Ақзира Бактыбайқызы.

Ой алаңында барлық директор пікір айтты. Ішкі анализ, сыни ойлау сынды мәселелер де қамтылды. Жиыны соңында қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Баймұраева лига аясындағы жұмыстардың барлығы директорлардың өзіндік дамуына оқу ашыққан атап өтті. Алдағы уақытта лигалықтардың құрамы жаңа директорлармен толығады.

Бетті дайындаған: Мөлдір КЕІЖЕРГЕЛОВА



«Ақмешіт жастары» газеті мен «Сыр үміті қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі және «Қызылорда қаламгерлерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай «Жастар жырлайды» атты облыстың жас ақындары арасында жазба айтыс ұйымдастырып отыр. Айтысқа аймақтан 12 ақын қатысуда. Атап айтар болсақ, Арал ауданынан Айбану Қалиева, Айдар Сайлауов, Бексұлтан Орынбасаров, Алтынбек Қыстаубаев, Қармақшы ауданынан Еркебұлан Серіков, Жалағаштан Жасұлан Серік, Шиеліден Бекжан Ержігіт, Шыңғыс Құдайберген, Сырдария ауданынан Бақтөре Айтбаев және облыс орталығынан Рыскелдi Жамхан, Динар Рахман мен Серікхан Жүзеев қатысуда. Оқырмандар назарына аламанның алғашқы жұбы жаңақорғандық Серікхан Жүзеев пен аралдық Айбану Қалиеваның айтысын ұсынамыз.

Серікхан ЖҮЗЕЕВ:
 Арайлап атқаннан соң ақ таңымыз,
 Шүкір деп жарасады жатқанымыз.
 Армысың, айтыс сүйер оқырмандар!
 Болайық құрмет тұтар мақтаныңыз.
 Аман ба, Аралымын Айбануы?
 Есен бе бай мен бала бақаныңыз?
 Карантиннің пайдасын өзің көрдің,
 Белгілі декретте жатқаныңыз.
 Тұрардай асыл ердің бағын жақтың,
 Көп болып тұрмыстан да тапқаныңыз.
 Біз білмейтін қандай тағы жаналық бар?
 Қысылмай осы жерде ақтарыңыз.

Айбану Қалиева:
 Арма, ел, ақындарды қолдайтуғын,
 Айтысалық алдарыңда алмай тыным.
 Журналистер өткізген бұл айтыста,
 Белгілі ғой үндемей қалмайтыным.
 Біз айтпайық тілшілер жаза берсін.
 Көрсін жұрт қанатымыз талмайтыным.
 Серікханды серімен жұпталыппын,
 Жұртқа аян сен биікке самғайтының.
 Үй ішін тегіс аман ба өзіңнің?
 Бар еді елді жерді шарлайтының.
 Жазба ақындар арасында сені көрдім,
 Сені мен айтыскер деп ойлайтыным.
 Жаңалықты деймісің ақтарғайсың,
 Жаршыласам шындықты жақтар қайсың?
 Елде боп жатқандарды тізбектесем,
 Вирус пен қымбатшылықтан сақтанғайсың.
 Картошка мен себізді ұшынып тұр,
 Не жейміз деп қиналды халқым-ай шын.
 Бір есікке кірмейсін ПТР-сіз,
 Қызыл жаңса қайтасың, ақталмайсың.
 Вакцина талай миды ойландырды,
 Карантин, сен тезірек жоқ болғайсың.
 Тәуелсіздік емес пе еді асылымыз,
 Қадірін түсінгенге бақ қонғайсың.
 Осы бір сынақтардан өтіп кетсек,
 Біз барда жаның жатқа тапталмайсың.
 Ал өзің берсең дең кезегімді,
 Сөкем ау, сен де осыған тоқталғайсың.

Серікхан ЖҮЗЕЕВ:
 Демеңіз бұған мені жақ ашпайды,
 Серікхан қалай сізбен санаспайды.
 Бұдан да қиындықтан өткен өлміз,
 Демеймін басымыздан бақ аспайды.
 Өткеннен сабақ алып шүкір етсе,
 Жолынан ешбір ұрпақ адаспайды.
 Домалақтай аналар ізі емес пе ең?!
 Ірілік танытсаң ел таласпайды.
 Қазағым бұл күнді де еңсереді,
 Жырлайық айбыны асқан алаш жайлы.
 Қазанның қамын оялар жан болсаң да,
 Базардың әңгімесі жараспайды.

Айбану айтысуға қамданыпты,
 Ал енді тоқтайлың жанға мықты.
 Ол кісі тектілікке тұрен салып,
 Жасынан ілім қуып қамданыпты.
 Көкілташ медресесін бағдар етіп,

Ұстаздар зеректігін аңғарыпты.
 Оқуын бітірген соң елге келіп,
 Сөзімен жөнге сапты сан ғаріпті.
 Білгенін шәкірттерге азық етіп,
 Жасынан мақсат қылған арманы ұтты.
 Туған елге деген ыстық сезіміне,
 Ғұлама Сәдриддин таңғалыпты.
 Тәжіктің даласына шақырғанда,
 Намыспен бұл бабамыз арланыпты.
 Бас тартып туған елге оралыпты,
 Ілімі бассадағы сан халықты.

Білесің әрбір сөзі жыр екенін,
 Сананды бұл жұмбақпен түлетемін.
 Таппауың мына сенің мүмкін емес,
 Салтты да сананызда үдетемін.
 Тарихтан тағылым алар ақын болсаң,
 Тауып көр бұл тұлғаның кім екенін?

Айбану ҚАЛИЕВА:
 Әңгіме бөліне ме сонда санға,
 Біртүрлі естіледі тыңдасаң да.
 Базардың әңгімесі деймісің сен,
 Елімің мұның шағып жырлағанға.
 Ірілікті сөз қылып отырсың сен,
 Ұқсайсың сөзден шәрбат ұрлағанға.
 Тарихтан емес едім алабетен.
 Есімің ерекшеліп атап өтем.
 Жырлымен жанымызда мәңгі қалған,
 Бұл менің Тұрмағанбет атам екен.
 Ал енді мәндік жұмбақ ерек болды,
 Ата-анасы депті ылғи зерек болды.
 Түркі әлеміне ол өзін мойындатып,
 Аямалты елінен көмек қолды.
 Тұрмағанбеттей тұлғадан дәрiс алып,
 Суханский ілімін себеп қылды.
 Қызметте жүріп-ақ түркі әлемін,
 Сауаттандырып соншалық еңбек қылды.
 Өзбектің университеті бір кездері,
 Қазақ пед. қып өзгертуге себеп болды.
 Бүгінде Сыр еліне осы атамның,
 Атымен аталар бір үй керек болды.
 Ол үйде жиналған бар сөз зергері,
 Сенің-дағы білуің керек оны.
 Ал, айтысы, мен жасырдым қай тұлғаны,
 Саған бұл берілген дерек болды.

Серікхан ЖҮЗЕЕВ:
 Айбану ақын екен тілге мықты.
 Сондықтан тез ойланып түрленіпті.
 Тұрмағанбет ақынды оңай таптың
 Онына берер елім жұлде мықты.
 Күйеуің Тұрмағанбет ұрпағы еді.
 Жырларың насихаттар күнделікті.
 Отырған атасының атын атап,
 Келінді айтыңдаршы кім көріпті?!
 Білмеймін карантиннің әсері ме?
 Айбану осы жерде сыр беріпті.
 Ал сенің жұмбағыңа тоқталайын,
 Демеңіз ол жағына құр келіпті.
 Темірбек атындағы бір ғимарат
 Едәуір қаламызға нұр беріпті.
 Ел үшін асыл жаның құрбан еткен
 Бүгінде кім білмейді Жүргеновті?!

Орамды сөз келсінші өткір тілге,
 Жырынды ақ нәсерше септірдің бе?
 Қовидке қарсы күрес жасау үшін
 Аландап амал жасап, кеттім күнде.
 Сен де бір елді ойлаған ақын едің
 Вирусқа қарсы екепте екітдің бе?

Айбану ҚАЛИЕВА:
 Ай, Сәке, кімдерді сен ауыштырдың?
 Мен ұрпаққа ата атын қауыштырдым.
 Басында айттым ғой бұл жазба айтыс,
 Жазбаны неге айттыға ауыштырдың?
 Атасының есімін жазбасын деп,
 Тағы басқа кімдерге дәрiс қылдың?
 Не болды қорықтың ба екіпеден де?
 Кайтемін мен өзіңді сөкпегенде,
 Қайрат, Ләззат батырлар қорықпаған,
 Қарсыдан келе жатыр оқ дегенде.
 Аландап амал жасап не көрінді,
 Олай бұға бермесей бұқ дегенге.
 Тәуелсіздік ал берді жарық күн ғып,
 Сақтап қалу – қорықпау жоқ дегенде.
 Жауға шық, мылтық ал деп жатқан жоқ қой,
 Не істейсің бір инені екпегенде?

Серікхан Жүзеев:
 Болсыншы әрбір сөзің маңдайға құт.
 Тап болсын дәл өзімдей таудай бақыт.
 Қалайша келер күнге қамданбасқа,
 Өткеннен өкпегені алмай жатып.
 Екпені елден бұрын мен салдырдым.
 Күні ертең жүрмейік деп сор қайнатып.
 Өрқашан ұлыларды ұлықтайық,
 Болсын деп әрбір күнің балдай бақыт.
 Ешкім де ерлеріңді бағаламас,
 Қазақтың өзі танып алмай жатып.

Алланың түсіп әркез назарына,
 Бақ қонсын бұзылмайтын қазағима.
 Айбану, осыменен аяқтайық,
 Ешқашан мұң түспесін ажарыңа.
 Ұрпақпен бірге мәңгі жасай берсін,
 Ортаңда айтыс деген таза мұра.
 Өсіріп ұл қызыңды көбейте бер,
 Елімді бастап бақыт базарына.

Айбану ҚАЛИЕВА:
 Атансақ ақын қыз бен ақын аға,
 Жастарға үлгі болсақ жақын ара.
 Болашақ бұл жастардың қолында деп,
 Аға бұын айтсақ шақыра ма?
 Би болмасақ би түсер үйі бойлайық,
 Бұл Отан отбасынан бастала ма?
 Карантин тез жойылып елімізден,
 Бұрынғы айтқандай сақнада.
 Журналистер мерекесі құтты болсын,
 Тіліші деген таусылмас сарқырама.
 Сөз көркем, ой еркін боп әрқашанда
 Жаза бер, журналисім, жарқыра да.
 Ал, Сәкем, қоштасайық, сен де аман бол,
 Сай болып өнерің нар қапына да.
 Берілген ережеге бағынайық,
 Болмаса ақын сөзі таусыла ма?

БАНК САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР



Ел тәуелсіздігін жариялаған тұста тұралап қалған салаларды қалыпқа келтіруге басымдық берілді. Оның ішінде жас мемлекет үшін әлеуметтік-экономикалық сәланың орны айрықша. Өйткені экономикамен байланысты емес сала жоқ, қай мәселе болсын шешімі экономикаға тәуелді. Оны шешу үшін қуатты, экономика құрылмасы, ең ойық құндылықтардың жойылып кету қаупі басым еді. Мұны ескерген Мемлекет басшысы бірнеше реформадан кейін жаңа қаржылық жүйені қалыпқа келтіре бастады. Қысқа мерзім ішінде еліміз тарихи үш міндетті жүзеге асырды: тәуелсіз мемлекет құрды, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшті және тоталитаризм құрсауындағы елден тең құқықты демократиялық елге айналды. Мұның барлығы жас мемлекеттің баянды болашаққа деген ұмтылысы еді.

Экономика саласындағы алғашқы реформа 1990 жылдың 7 желтоқсанында Қазақ КСР Мемлекеттік банкі – жоғарғы деңгейде, ал төмендегіде коммерциялық банкі мен басқа да несие мекемелерінің негізін қалаған «Банктер мен банк қызметі туралы заң қабылдады». 1991 жылдың 20 маусымында Қазақ КСР Мемлекеттік банкі мемлекет меншігіне өтіп, Ұлттық мемлекеттік банк атанды. Осыдан-ақ жаңа қабылданған заң елдегі банк санының өсуіне септігін тигізді. Мысалы, 1991 жылы олардың саны 70 болса, келесі жылы 150-ден асты, ал 1993 жылы 230-ға жуықтады. Дегенмен олардың көпшілігі тұтыну мен ипотекалық несиеге немесе қаржы лизингі сияқты толыққанды қаржы жұмысымен айналыса алмады. Оған сұраныстың аздағы да әсер етті. Себебі, халық арасында несие, ипотека ұғымы таныс емес еді. Одан қалды бастапқыда несие 55-60 пайыздық үстемекімен берілді. Банк жүйесіндегі осындай оқиғалықтар мен реформалардың жүйесіздігінен ел экономикасы алға жылжы алмады. Осы тұста еліміздің қаржы жағдайын бағалаған ресейлік «Независимая газета» мынадай болжам жасады: «Қазіргі экономикалық саясат сақталған жағдайда... Қазақстанды талудағы болашақта гиперинфляция, ұлттық валютаның күйреуі және жалпы қаржылық-экономикалық апат күтіп тұр» деп сынал жазды. Шетелдік сарапшылар да бұл пікірді қосады. Мұндай болжамдарға қарамастан ел экономикасын алға тарту, озық тәжірибелерді қолдануда біліктілік пен білім қажет еді. Мұны ескерген Елбасы ең алдымен Ұлттық банкті мәртебесін көтеріп, ұлттық валюта – теңгені тұрақтандыруға күш салып, қатан реформаларды жүзеге асырды. Нәтижесінде жаңа банктермен қатар кенестік дәуірде құрылған банктердің көпшілігі нарықтан ығыса бастады. Оның ішінде сол тұста атауы жер жарған ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын қаржыландыратын «Крамд-банк» банкротқа ұшырады.

Міне, осылайша елдегі экономика саласы Тәуелсіздік алған тұста дамытына өзге түліп өзінің сенуі қиын кезеңді бастан өткерді. Бұл туралы қоғам қайраткері Мырзагелді Кемел: «Қазақстан Тәуелсіздігіне шірек жасырдан астам уақыт өтті. Бұл кезең еліміздің нарық экономикасына көшу мерзіміне сәйкес келді. Яғни тоқсаныншы жылдардың басында нарық қатынастарына көшу басталғанда Қазақстанның ең ірі өндіріс компаниясы «Жан тасыру» аттанды экономика еді» деп баға берген еді. Осындай қиындықтарға қарамастан ел экономикасы араға жыл салып, түрлі қиындықтар өңерді. Ел билігі халыққа тиімді несиелік бағдарламалар ұсынуға кірісті. Сыртқы саясаттың сәтті жүзеге асырылуының нәтижесінде 2002 жылы еуро айналымы енгізілді. Дел осы жылы қаңтарда «Қазкоммерцбанк», «БанкТұран-Алем» және «Халық банк» 30 млн еуро алып келді. Бұл кезде еуро құны Ұлттық банк есебіне сәйкес 150,97 теңгеге, ал доллар 154,10 теңгеге тең болды. Ал екінші деңгейлі банктер ел экономикасын несиеленуді ұлғайтуға күш салды. Пайыздық мөлшерлемелер жылдан-жылға төмендеді. Бүгінде 60 пайыздан басталған үстемекі 7 пайызға дейін төмендеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында халықты баспанаман қамтуда екінші деңгейлі банктер доллармен несие бере бастады. Банктің міндеті саясатты жүзеге асыруда теңгенің жылдан-жылға құнсыздануы әсер етті. Ал мұндай несие банкке деген сенімді енді қалыптасқан халықтың қалтасына ауыр тиді. Экономика саласы біршама орынқылап кейін Үкімет 2003 жылы ішінде халықты баспанаман қамтитын «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» құрды. Банк атауы айтып тұрғандай, алдың ала жинақтау жүйесіне басымдық берді. Бастапқыда әр тұрғын алатын баспанасының 50 пайызын бастапқы жарна ретінде жинақтап, 8 пайызбен ипотека рәсімдеуге жол ашылды. Баспанаман тұрғын үй кезегінде тұрғандарға «Шаньрақ» әйелдерге арналған «Үмай», «Нұрлы жер», «Өз үйім», «Жас отбасы» сынды мемлекеттік бағдарламалар қаншама үйдіс жүрген халықты баспанаман қамтылды. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» 2020 жылы халықты

баспанаман қамтитын жалғыз оператор банк ретінде танылып, «Отбасы» банкі болып атауы өзгерді. Атауы өзгерген банктың мақсаты өзгерген жоқ. Себебі, мемлекет басшысы Жолданыңда 2030 жылға қарай бір адамға шаққандағы баспана қамтамасыз ету мақсатын 30 шаршы метрге дейін жеткізуді тапсырған болатын. Мәселен, Тәуелсіздік алғалы бері елімізде 1,1 млн пәтер салынды, яғни жыл сайын 40 мың пәтерден салынған. Қызылорда облысының өзінде соңғы бес жылда тұрғын үй салу қаржысы дамыды. Мәселен, өткен жылы облыста «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 1946 пәтерді құрайтын 98 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Оның ішінде 815 пәтерлі 20 үй сатып алу құрылысы жалға берілетін тұрғын үй, 755 пәтерлі 68 үй кредиттік тұрғын үй және 376 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы жеке компаниялар есебінен жүргізілуде. Жыл соңына дейін аймағымызда шамамен 645 мың шаршы метр тұрғын үй беруді жоспарланған. Осылайша азаматтарымызды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі ішеңім тауба.

Егеменді елдің енділі мақсаты – инфляция деңгейін төмендету. Осы мақсатты жүзеге асыруда инфляциялық тартыту жүйесі жүзеге асады. Жаңа жүйе алдағы 2-3 жыл көлемінде жемісін береді деп күтілуде. Сол саясат сәтті жүзеге асытып болса, елдегі тұрғын үй құрылыс жұмысының 9 пайыздық бәзәлік мөлшеріме де түседі. Бәзәлік мөлшеріме түскен жағдайда, екінші деңгейлі банктердің де пайыздық мөлшерлемесі азаяды. Сол кезде ғана ел тұрғындары жеңілдетілген несиеге қол жеткізеді. Мысалы, бәзәлік мөлшерлемесі 5 пайызға түскен жағдайда халықтың 6-7 пайыздық несие ала алады. Міне, бұл біздің экономика саласын алға жылжыту мақсатындағы игі шаралардың бірі ғана.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары ішінде жаһандық ауқымдағы қатерлі үш дағдарысты толқынаға төтеп беріп, жаңа дәуірге қадам басты. Расымен, әкімшілік қалыптасқан жағдайда, ондай жетістіктердің де оңай жолмен келмегенін естім шығармау қажет. Сонда ғана тәуелсіздігіміз баянды, экономикалық дербестігіміз мәңгілікке айналары сөзсіз.

денгейлі банктер ипотека беруді тоқтатты. Ал келесі жылы «7-20-25» бағдарламасының қаржысы да аяқталды деп болжанған. Енді тұрғындар қандай бағдарламалармен баспаналы болады деген сұраққа жауап іздеп әлек.

– «Баспана хит», «7-20-25» бағдарламасын Ұлттық банк тоқтатмағы деп мәлімдеме жасады. Бұл өте орынды шешім. Екінші деңгейлі банктер арқылы халықты баспанаман қамту Ұлттық банктің міндетіне жатпайды. Себебі, Ұлттық банк теңге құнының артуына, инфляция деңгейі төмендеуіне қуа саларды. Осы міндеттемелерді сәтті жүзеге асыра, нарықтағы баға шарықтауының алдын алар еді. Қазір ел арасында аталған екі бағдарлама аясында «лимит біткен жоқ, үлгеріп қалыңыздар» деген хабар айтылып жүр. Бұл нарықтағы сұранысты арттырып, бағаның шарықтауына әкелуде. Сондықтан қандай да бір бағдарламаға өзгеріс енгізе, жазырын болуы қажет. «Нұрлы жер» бағдарламасына енген өзгеріс те нағыз мұқтаж азаматтардың баспаналы болуына жағдай жасау мақсатында енгізілген, – дейді экономист сарапшы Мақсат Халық.

– Тұрғын үй кезегіндегілерге жеңілдетілген несие беруде «Бақытты отбасы» бағдарламасы жылына бір рет өтініш қабылдайды. Билік бағдарламаға қатысуға 37 592 өтініш түседі. Өтініш санының өсіп келеуіне бағдарламаға қатысушылардың Қазақстан бойынша лимиті 5 000 өтініштен 7500-ге ұлғайды. Әрбір қалада кезекке тұрған адам санына байланысты бөлек лимит қалыптастырылған. «Мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиеленіп отырған отбасылар» саны бойынша 4117 өтініш, «Кен балалы отбасылар» 2682 өтініш, «Толық емес отбасы» 700 өтініш қабылданды. Енді бағдарламаға қатысушылардың санын арттыру үшін екі бағдарламаға 6 ай көлемінде езіне уағдалы баспана таңдауы қажет.

Ипотекалық бағдарламаларға енген өзгерістер негізінде нарықтағы тұрғын үйді бағасын түсіруге бағатталған бастама сияқты. Себебі, осы уақытқа дейін халық үй құнының жарты сомасын немесе толық жинақ қана баспаналы болатын. Елдегі ипотекалық бағдарламаның артықшылығы негізінде екінші нарықтағы үйдің бағасын шарықтанды. Енді Үкімет бағдарламаға өзгерістер енгізіп, бағаны бақылауда ұстауға тырысуда.

КЕДЕЙЛІКПЕН КҮРЕС БАҒДАРЛАМАСЫ



Коронавирус пандемиясы салдарынан ел тұрғындарының тұрмысы нашарлаған. Елімізде кедей отбасылардың нақты санын анықтап, кедейлікпен күрестің мемлекеттік бағдарламасын немесе жобасын қабылдау керек. Бұл туралы Парламент палаталарының бірлескен отырысында Сенат депутаты Әли Бектәев айтты.

Сенатордың айтуынша, кей тұрғындардың масылдық психологиясы мендей бастаған. – Ал масылдық кедейшілікке алып келетін төте жол. Соңғы 5 жылда әлеуметтік шығыстардың 2 есе артуына қарамастан кедейлік шегінен төмен өмір сүріп жатқан халықтың үлесі 2,5 пайыздан 4 пайызға өскен. Ал 2020 жылы COVID-19 пандемиясы салдарынан жағдай шиеленісе түскен. Дүниежүзілік банктің мәліметіне, кедей тұрғындардың үлесі 14 пайызға жетуі мүмкін. Бізде де Қытай мен Өзбекстан сияқты шығында кедей отбасылардың нақты санын анықтап, оларды кедейлік шегінен шығарудың нақты шараларын белгілейтін кедейлікпен күрестің мемлекеттік бағдарламасы немесе жобасы қабылданыу керек. Әсіресе, ауыл тұрғындарының табысын көбейте отырып, халықтың орта табын қалыптастырудың маңызы зор деп есептейміз, – деді Сенатор Әли Бектәев.

Сенатор бюджетті қалыптастыру көрсеткіштері мен индикаторын да қайта қарайтын кез келген пікірде.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚАШАН АРЗАНДАЙДЫ?



Әлеуметтік маңызы бар тауарлар қымбат азық-түліктер қатарына енуіңді аз-ақ алдында тұр. Осымен үшінші апта қатарынан қартпен пен сәбіз бұрын-соңды болмаған бағада сатылуда. Елдің сол-түстігінде қартпен аз ғана уақытта сатылып кетіп жатса, онтүстіктерілер келілеп емес, бір-екі данасын ғана алуға мәжбүр. Шымкент қаласында сәбіз бағасын ұстап тұру мүмкін болмай кеткен. Мамамдар оның себепін өндірушілердің қойған өзіндік құнымен байланыстырады. Бұдан бөлек, сәбіздің экспорттағы сұранысы күрт өскен. Салдары ішкі нарыққа әсер етіп отыр. Талдау нәтижесі бойынша 19 әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің 250 индексі 106,9 пайызға жеткен.

Қызылша 500 теңгеден, қартпен 250 теңгеден, жуа 100 теңгеден, ал сәбіз 500 теңге боп тұр. Қырыққабат 80 теңге. Сәбіз бен қызылша қымбат. Өзімізде шығып жатқан сәбіз не үшін қымбат екенін айта алмай жатырмыз, – дейді сатушы Ләззат Әбуова.

Мамамдардың айтуынша, бағаның бұлай құбылуына өнімдердің көрінісін елдерден әкелінуі себеп болған. Сонымен қатар маусымдық сипатта не тауарлар бағасы да шарықтауға бейім екен. Енді өнімді өткізу бағасын негізсіз көтерген кәсіпкерлерді монополияға бағасы заңнамда кезделген өкімішлік жауапкершілікке тарту көзделіп отыр.

– Қазіргі таңда әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 2 категориясы бойынша баға өсімі байқалып тұр. Бұл – қартпен пен қырыққабат. Қазіргі таңда осы 2 өнім бойынша бағаны тұрақтандыру жұмыстары жүріп жатыр. Айта кетсек, қартпеннің бағасы 148, қырыққабат бағасы 89 теңгеге бекітілетін болады. Монополияға қарсы департамент жергілікті мамандармен бірлесіп түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл өнімді облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының екі маманы Әлі Мейрам Қабдығалиев.

Кей өңірлерде тұрақтандыру қорында жоқ өнімдер өлі де қымбаттан береді. Себебі, биылғы өнім онтүстік өңірлер мен Өзбекстаннан онысы да қымбат бағаға келіп жатқан көрінеді. Қартпен бағасы те күзге қарай, яғни қыркүйек айында арзандауы мүмкін.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҒҒЫРЫҒЫ

«НҰРЛЫ ЖЕР»: БАЛДЫҚ ЖҮЙЕ ӨЗГЕРДІ

Гәзетіміздің алдыңғы санында «Тұрғын үй кезегінің азымауының себебі мен салдары» деген мақала жарияланды. Осы мақалада айтылғаны бұл дағдарыс баспанаман қамтуда екінші деңгейлі банктер арқылы халықты баспанаман қамту мақсатын жүзеге асыруда теңгенің жылдан-жылға құнсыздануы әсер етті. Ал мұндай несие банкке деген сенімді енді қалыптасқан халықтың қалтасына ауыр тиді. Экономика саласы біршама орынқылап кейін Үкімет 2003 жылы ішінде халықты баспанаман қамтитын «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» құрды. Банк атауы айтып тұрғандай, алдың ала жинақтау жүйесіне басымдық берді. Бастапқыда әр тұрғын алатын баспанасының 50 пайызын бастапқы жарна ретінде жинақтап, 8 пайызбен ипотека рәсімдеуге жол ашылды. Баспанаман тұрғын үй кезегінде тұрғандарға «Шаньрақ» әйелдерге арналған «Үмай», «Нұрлы жер», «Өз үйім», «Жас отбасы» сынды мемлекеттік бағдарламалар қаншама үйдіс жүрген халықты баспанаман қамтылды. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» 2020 жылы халықты денгейлі банктер ипотека беруді тоқтатты. Ал келесі жылы «7-20-25» бағдарламасының қаржысы да аяқталды деп болжанған. Енді тұрғындар қандай бағдарламалармен баспаналы болады деген сұраққа жауап іздеп әлек.

– «Баспана хит», «7-20-25» бағдарламасын Ұлттық банк тоқтатмағы деп мәлімдеме жасады. Бұл өте орынды шешім. Екінші деңгейлі банктер арқылы халықты баспанаман қамту Ұлттық банктің міндетіне жатпайды. Себебі, Ұлттық банк теңге құнының артуына, инфляция деңгейі төмендеуіне қуа саларды. Осы міндеттемелерді сәтті жүзеге асыра, нарықтағы баға шарықтауының алдын алар еді. Қазір ел арасында аталған екі бағдарлама аясында «лимит біткен жоқ, үлгеріп қалыңыздар» деген хабар айтылып жүр. Бұл нарықтағы сұранысты арттырып, бағаның шарықтауына әкелуде. Сондықтан қандай да бір бағдарламаға өзгеріс енгізе, жазырын болуы қажет. «Нұрлы жер» бағдарламасына енген өзгеріс те нағыз мұқтаж азаматтардың баспаналы болуына жағдай жасау мақсатында енгізілген, – дейді экономист сарапшы Мақсат Халық.

– Тұрғын үй кезегіндегілерге жеңілдетілген несие беруде «Бақытты отбасы» бағдарламасы жылына бір рет өтініш қабылдайды. Билік бағдарламаға қатысуға 37 592 өтініш түседі. Өтініш санының өсіп келеуіне бағдарламаға қатысушылардың Қазақстан бойынша лимиті 5 000 өтініштен 7500-ге ұлғайды. Әрбір қалада кезекке тұрған адам санына байланысты бөлек лимит қалыптастырылған. «Мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиеленіп отырған отбасылар» саны бойынша 4117 өтініш, «Кен балалы отбасылар» 2682 өтініш, «Толық емес отбасы» 700 өтініш қабылданды. Енді бағдарламаға қатысушылардың санын арттыру үшін екі бағдарламаға 6 ай көлемінде езіне уағдалы баспана таңдауы қажет.

Ипотекалық бағдарламаларға енген өзгерістер негізінде нарықтағы тұрғын үйді бағасын түсіруге бағатталған бастама сияқты. Себебі, осы уақытқа дейін халық үй құнының жарты сомасын немесе толық жинақ қана баспаналы болатын. Елдегі ипотекалық бағдарламаның артықшылығы негізінде екінші нарықтағы үйдің бағасын шарықтанды. Енді Үкімет бағдарламаға өзгерістер енгізіп, бағаны бақылауда ұстауға тырысуда.

Бетті дайындаған Айгүл ӨЛШЕРОВА



Бекзат ЕСҚАЛИ, Қызылорда облыстық «QYZYLORDA» телеарнасының шеф-редакторы:

ҚОЛЫМДЫ МЕЗГІЛІНЕН КЕШ СЕРМЕДІМ

20 жыл ішінде коммунистік жүйеден демократиялық бағыттағы БАҚ саласын қалыптастыруға бет бұрып, едәуір нәтижелерге қол жеткізді. Сол үшін қуанамын.

– **Блогерлік журналистиканың бәсекелесі ме?**

– Мүмкін бәсекелесі шығар. Блогерлік – жан бағу болса, журналистика – арыңды бағу. Себебі, журналист бір сөз айтсам да бүгін айтайын деп, көркем ойдан кестелі сөз құрау үшін жаны салады. Қазіргі кезде блогерлердің бойынан өздерін журналист немесе өздерін тұтас бір медиа сезініп қалатын мінез байқалады. Бұл дұрыс емес!

– **Бүгінгі заман жастары қандай дүниеге қызығады?**

– Оны былай айтуға болады: жалпы адамзаттық таным өзгерді. Рухани дестүрлі таным және ақпараттық таным пайда болды. Ақпараттық таным жалт-жұлт еткен тек көз қуанышына айналған құнсыз дүние. Адамның әсіресе жастың ақылын деградацияға ұшыратады.

– **Ойымызға ерік берейік. Қазіргі Бекзат жас Бекзатқа қандай ақыл айтар еді?**

– Абайдың айтатыны бар ғой: «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп... Қартайып бара жатқан ештеңем жоқ, десе де, бұдан да жастау кезімде кітапқа көп көңіл бөле алмадым. «Ер жеткен соң түспеді ұсыыма» дейді Абай. Қазір жұмыстан мойын бұра алмайсың, отбасы, бала-шаға бар. Артық білім кітапта екенін дер кезінде ұянып алмағаныма өкінемін. Иман, иба, адамгершілік асыл қасиеттер оқу арқылы, күдене тоқу арқылы қалыптасады.

Бір ғалымның айтатыны бар: «Тұрып қалған суға ұқсама, керісінше, ағынды судай бол!» Себебі, тұрған су борсиды, ағынды суды иіс алмайды, лайланбайды» деп. Қазіргі зулаған заман да адамның ілімді болуын талап етеді ғой. Жас Бекзатты көрсем «Оқы!» дер ем.

– **Мәуланадан: «Соңша оқып, қаншама жазасыз. Алайда не білесіз?» – деп сұрағанда: «Орынды білемін», – деп жауап берген екен. Сіз қалай жауап берер едіңіз?**

– Мәулана сынды жауап берген болар едім. Алыптан асырып не айта алмайсыз!

– **Кейінгі толқын жастарға не айтасыз?**

– Мақсаттарына жетуде батыл болындар дер едім. Батыл өрекет жасау үшін Ертегістің ерлігі, Қобыландының кездігі керек емес. Айналп келіп Абайға жүгінеміз... Көздеген мақсатыңа жету үшін, Абайша айтсақ, «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» керек. Кез келген кедергіден адам қорықпау керек. Мәселен, машиналар жарысатын раллида «өте қиын бұрылыстар» (крутой поворот) болады. Ең күшті дегендер осы қиын бұрылыстарда сілкініп жасап, түйекпеле табан тіреп, жеңіске жетеді. Кез келген кедергіні мүмкіндікке айналдыру өз қолымызда. Бірді екі, екіні үш қылу да өз ерік-жігерімізге байланысты. Өмір мәнді болу үшін мақсат айқын болу керек. Ал мақсатқа жету үшін адам барын салғаны абзал. Себебі, жебе садақтан атылып шыққанда ғана нысанға жетеді.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Ерхан АҚЫН

– **Қазіргі таңда қазақ журналистерінде бұрынғыдай еркіндік қалмағаны көп айтылады. Бұған қандай ой айтар едіңіз?**

– Ұлып айтпай, тіліп айтатын Шерағандардың кезіндегі журналистика қазір жоқ. Оны жасырып қайттеміз? «Ауруын жасырған өледі» дейді қазақ. Себебі, қазір цензура деген бар, қаржылық тәуелділік деген бар... Бірақ бұл пікірмен «Қазақ журналистері өлісіз» дегенді айтып отырғаным жоқ. Адырнаны ұстағанда айтқан сөзін ондыққа деп тілгезетін, небір тақырыптарды қаузағанда түбін түсіретін, сайдың тасындай сақа журналистер көп бізде. Көрек десеңіз, бүгінде салалық журналистика да бір ізге түсіп келе жатыр. Бірақ кей тақырыптарға келгенде көрек заман мылқау өлең тұдырадының кейін киіп отырмайсыз. Ал тақырып аясы тарылған жерден қандай еркіндік іздейміз? Құрбақа екеш құрбақаның өзі аспанның көлемін өзі жатқан құдықтың түбімен өлшемей ме? Содан барып, қазақ журналистерінде

бұрынғыдай еркіндік жоқ деген пікір қылаң береді.

– **«Төртінші билік» деп аталған журналистика қазір қоғамдық сананың алға жылжуына әсер ететін жетекші күше ие ме?**

– Асылында қоғамдық сананы алға жылжытатын журналистика емес, идеология. Сол идеологияның иін қандырып қазақ журналистерінің қолына берші, қоғамдық санаға қозғау салмай көрсін!

Жыланды жеті кескен де кесірткелі әлі қалады. Барлық мәселе болмаса да, кейбір көлеңкелі тұстардың күнгей бетке шығуына қалам ұстаған қауым түрткі болып отыр. Мәселен, «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев ағамыз Сексеуілдегі оқушылардың мәселесін көтерді. Мақаласына Президент мән беріп, дереу шешім табыңдар деп бұйрық берді. Облыстық «Qyzylorda» телеарнасының бас редакторы Айнур Тұңғышбаеваны алыңыз. Бүгінгі күні ақсап тұрған зерттеу (аналитика) журналистикасының тізінін ұстап жүр. Бір ғана

«Үшпаған» хабарында аймақ жұртының қаншама проблемаларын көтерді. Санасаңыз, саусағыңыз жетпейді ол мәселелерге. Ұлттық мәселелер: жер мәселесі, тіл, діл, дін...

Ұстараның жүзінде, ұстағаның қиып түсетін небір проблемалардың жілігін шашып, майын ашып берді. Ұлттық арнаның облыстағы тілшісі Әлібек Жақанов неір мәселелерді республикалық деңгейде көтеріп жүр. Мәселені бұрымдай өріп, бұлақтай ағығанда май сүйегі мықты матініне сүйінесің... Бізде мүмкіндік аз, мойындауымыз керек. Саяси, тұрмыстық, қаржылық себептер журналистерге қолбайлау болып отыр.

– **Интернет телевидение және басшылардың пәрменділігін әлсіретіп жіберген жоқ па?**

– Жанама әсерін тигізді, тигізіп те жатыр. Салдарынан көрермен мен оқырман көлемі ұзақ сюжеттерді, мақалаларды көрмейтін, оқымайтын халге түсті. Рас, интернет медиа сағат сайын платформасын жаңартып отырады, ақпаратты

жылдам береді. Бірақ зерттеу, талдау жоқ. Жаңа медиа жазса өсек, атса кесек, жатса төсек деп жататын тақырыптарға да ерік беріп жататыны жасырын емес. Оларға жәсібилік жетіспейді. Бәрі сол хайтың кесірі ғой...

– **«Журналист болу үшін журналистиканы оқу керек емес» дейді кейбір жастар. Сіздің ойыңыз?**

– Журналистика – терең, шексіз, қыр-сыры мол әлем. Сондықтан журналистика саласында білімің өзі азық етеді. Ең бастысы, қазіргі жастарға кітап оқыңыздар дер едім. Нақтырақ айтақанда, бұл процесс ойлау қабілетін жетілдіріп, сөздің қорды молайтады және сөйлеу мәдениетін дамытып, ми белсенділігін жақсартады. Сондай-ақ әрбір адам бойында шығармашылыққа сүйсінендірікті оятады.

– **Журналистердің өткірлігі телевидение қызметінде үлкен рөл атқарады. Кешегі журналистика мен бүгінгі айырмашылық қандай?**

– Қазақ журналистикасы соңғы 15-

Бақберген Әбілқасым, жас мемлекеттік қызметші:

АДАЛ ЕҢБЕК – МЕМЛЕКЕТ ӨРКЕНДЕУІНІҢ КЕШІЛІ

Қоғамның өлеуметтік-экономикалық дамуында мемлекеттік қызметтің алатын орны өрекше. Өңірде бұл салада қызмет атқаратындардың дені – жастар. Әділдіктің, қарапайымдылықтың имиджін қалыптастыруға бекінген жас қызметкердің бірі – Бақберген Әбілқасым. Қалалық білім бөлімінде жұмыс істейтін жас маманнан кәсіби мереке күні мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі жайында сұрадық.



– 2019 жылы Қызылорда қалалық білім бөліміне «мен таңдаған мемлекеттік қызмет – адал еңбек» ұстанымымен әдіскер болып қабылдандым. Мемлекеттік қызметке деген ұмтылысыммен ішкі сенімнің арқасында білім саласындағы жаңа әдістерді зерделеп үйрендім, әдептілік пен мәдениеттілік талаптарын сақтай отырып қызмет атқару қажеттігін түсіндім. Бүгінгі таңда өзіме жүктелген функцияларды адал атқарып, тәжірибе жинақтап келемін. Соңғы жылдары аймақта мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіру және олардың тиімді аппаратын қалыптастыру жұмыстарының қарқынды жүріп жатқанын байқауға болады. Осы бағытта мемлекеттік қызметшілерді ақпараттық технологияларды қолдана отырып қысқартқан оқыту, шетел мамандарымен тәжірибе алмасу мүмкіндіктері қарастырылса деген өз ойымды білдіріп келеді. Яғни, бүкіл әлем бір ақпараттық технологияларға сынып кететін факторлардан мемлекеттік қызмет бағыты да қалыс қалмау керек деп санаймын. Әділдіктің туын көтерген, белсенділік позициясында екенімді аса сеніммен айта аламын. Яғни, кез

келген қызметте немесе лауазымда, қандай жағдайда болсын, мемлекеттік қызмет жолында сеніммен жұмыс атқару қажеттігін есте еткен шығарған жоқпын. Жеткен жетістіктеріммен тоқтап қалмай, армандар мен мақсаттарымды

сабақтастырып алға қарай жылжыудамын. Абайша айтсақ, «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүректі жас бұын» деп жастарға жауапкершілік жүктеліп отыр. Бәсекеге қабілетті болу және ұлтқа адал қызмет ету деген сенім

әрдайым жігерлендіреді. Президентіміздің жастардың бүгінгі мен болашағына алаңдаушылық білдіріп, қолдау көрсетуі мен үшін өте маңызды. Әрбір жас қоғамда өз орнына ие болу үшін ортамен араласу керек. Себебі патриоттық рух та, рухани ерік-

жігер де ортамен араласудан тұнбайды. Сөзімді қорыта келе, мемлекеттік қызметтері өріптерестерімді халықтың игілігі үшін адал еңбек етуге шақырамын. Шыңдығында, адал еңбек – мемлекет өркендеуінің кепілі.



МӘҢГІЛІК ЕЛ ДЕГЕН НЕ?

Мәнінше, мәңгілік ел дегеніміз – өзінің ұлттық қадір-қасиеті сақталған, рәміздеріне халқы тік тұрып құрмет көрсететін, азаматтардың барлық мәселесі заң аясында шешілетін, адамдар сол елде арманына жететініне шынайы сенетін мемлекет. Мән осы тұрғыда Қазақстандымыз – Қазақ елімді көбірек ойлаймын.

Бұл елді бізге дейін, яғни мектепті күні кеше бітіріп, жаңа өмірге талпынған, жоғары оқу орнына түссем деген арманы бар бүгінгі бұрынғы болашағы үшін аз тер төгілген жоқ. Енді батыр ата Бауыржан Момышұлы айтқандай, «еңгел дегенде езіліп, жүзді дегенде жұмылып, бірлігі, ел үшін қызмет ететін» алдыңғы буын аға толқының сындарлы ісін жаңа толқын – жас буын жалғастыруға шын жүректен ықыласы болу керек. Сонда ғана ел болып, еңсе тіктеген тарих көшінде жүзіміз жарқын болары даусыз.

Осы бүгінгі басымызға бақ болып қонған Тәуелсіздік деген, өз алдымызға ел болу деген аулы ұғымды аялай сөз етіп, тарих толқынында батыр бабаларымыз, ұлт зиялыларымыз, алаштың арда қайраткер ұлдары өтті өмірден. Біз, жастар, осыны ешқашан естен шығармауымыз керек. Біздің арман-тілегіміз, мақсаттарымыз ел мүддесімен асатын жату керек. Ел ішінде адамдарға қадір жанымыз ашыса, сыртыңғы қазақтардың да қамын ойлау керек. Қазақ деген мемлекеттің қуатын жүрегі ел деп соққан әрбір адам сезінуге тиіс. Сонда ғана біздің мәңгілік ел деген ұғымдымыз шын мәнінде өміршең болады. Мәңгілікке ұмтылған, ғасырлармен бірге жасауды өмірлік бағдар еткен ел мұратына сәуле түсіре алатынымызға сенемін.

Аида НӨРЗІЛДӨ,
Қызылорда қаласы

ЖЕР АТЫ – ЕЛ ХАТЫ

Қазақпылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірі тамыры тереңде жатқан тарихи қалашықтарымен ерекшеленеді. Оған дәлел отңүстік аймақтағы Сауран, Сығанақ, Арықкөк, Өзгерт сынды өрнегі өзгеше орындар осы аймақта. Соның бірі – Отырар археологиялық экспедициясының негізінде 1973 жылы зерттелген Аққорған төбешігі.

Төбешік Сырдарияның сол жағалауындағы Жаңақорғаннан отңүстік-батысқа қарай 40 шақырымдай жерде, қазіргі Түгіскен ауылының орнында болған. Күні кешеге дейін бүгін сақталған орта ғасырлық қамалдың қазір үйінді төбесі бар.

Аққорған XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы кезіндегі Сыр бойында өркендеген бірқатар қалалармен қоса аталады. Тарихшы Ибн Рубихан «Түркістанның 30 бекінісі» атты еңбегінде Сырдария мен оның оң жағалауындағы Аркөк, Өзгерт қалаларымен Аққорғанды да дамыған қалаларға қосады. Себебі кейбір деректерде Аққорғанда астықтан мол қоры болған, жері суармалы өңіршілікке құнарлы, берекелі аймақ деп көрсетілген.

Аққорған – адамның емес қамал, қорғанның аты. Жаугершілік заманда анталаған жауға ауыздық қойып, қарсы шығатын қамал ретінде соғылған. Бийіктігі 20 метр, ұзындығы 4, ені 3 метр болған. Тарихи деректерге сүйенсек, 1446 жылы Шығыс Дешті Қыпшақ ханы Әбілқайыр Сығанақ, Өзгерт қалаларымен бірге Аққорғанды да басып алған. 1582 жылы қазақтың болашақ ханы Тәуекел Ибадулла II сұлтанмен осы Аққорған төбесінде кездескен. Қорғанның Аққорған деп аталу себебі көз ұшында ақ көбіндей ағарғандап көрінеді екен. Елі күнге дейін толқуында зерттену етпеген бұл қорғанның маңайынан бүгінде қыш құмыралардың сынығы мен шайығы өшіп қалған мыс теңгелерді кездестіреміз.

Туған өлкенің әрбір қиыршық құмы мен түйіршік тасының сан ғасырлық сыры бар екенін ескеріп, Аққорғанды қамала зерттеулер жүргізсек, құнды ғылыми еңбек жазылары анық.

Жәмילה ЕРМАХАН,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
III курс студенті

ОРАМАЛ - СЫЙЛАСТЫҚ БЕЛГІСІ

Бүгінде орамал тартуды келіндер емес, қыздар сөнге айналады. Әсіресе әлеуметтік желіде орамалды арулар суретке түсуден бір-бірінен қалыспайды. Бұл орайда бірін-бірі орамал тағуға шақыратын чөлөңдө көп. Дегенмен оны біреу дұрыс деп қолдаса, енді бірі құп көрмейді.



Кезінде тек ақ жаулықты босаға аттаған жас келін ғана тартқан екен. Себебі, үйдің үлкендері жана түскен жемелерімізге «Басыннан орамалды тастама, жас келін жалаңбас жүрсе, шайтан үйір келеді» деп жиі айтып отыратын. «Өйелдің басынан орамал кетсе, үйден береке кетер» деген тәмсіл осыдан қалса керек.

Қарап отырсақ, кешегі нақал сөздер, мақал-мәтелдер бүгінгі біздің өмірмен тікелей байланысты. Кейде ата-бабамыз қалай дәл тауып айтып кеткен деп еріксіз айран қаласыз. Өрне, заман да адам да өзгерген рас. Бірақ салт-дәстүрді, ырым-тыйымды бұрмапал, әркімнің өзіне қарай ыңғайлап алуы есте дұрыс емес. Қазір кей үлкендер келіндеріне орамал тартпауға

рұқсат беріп, бұрынғының айтқанын теріске шығарып жатады. Сондықтан болар, бұл дәстүрдің ауылы алыстап барады. Өйткені босаға аттаған келіндер күнделікті орамал тартудан қашады. Түрлі сылтау айтып, босағаның алысқа асып тұрады. Оны көз көріп, құлақ естіп жүр. Алайда ар нәрсенің өз орны мен уақыты бар. Өкінішке қарай, бүгінде мұны түсініп жатқан ешкім жоқ.

Орамал – әдемілік емес, ең бастысы, тазалық үшін маңызды. Салпарайдың алысөзінде: «Мен паракат отырған Пәк сезім» атты жыр жинағы «Өлеңсіз соқпа жүрегім» деген өлеңмен басталады екен. Бұл өлеңде «Өлеңім – менің үмітім» деген жолдар кезігеді. Бұл жол алғашқыда ұнай қойған жоқ. Бір ғана үміттің ұшпаққа жеткізе қоймасы белгілі. «Өлеңім – менің үмітім, Үмітсіз соқпа жүрегім...» дегеннен кейін барып келіп орнына түскендей болды» дейді ая бұын.

Каймағы бұзылмаған ауылдарда ғана сақталып отыр. Ондағы әдемі ақ орамал тартып, оюлы қамзол игіген келіндерге қараусың көз тордады. Ал, қалада ағалың-туыс, көршінің үйіне тоғыз барсаң да, құдайың барсаң да қызы іні, келіні қайсы екенін айтыра алмайсың.

«Орамал тон болмайды, жол болады» дейді даңда халық. Орта жасқа келген апалар «Басыма орамал тартып шықсам, сол күні жолым болады, жұмысым жеңіл жүреді» деп үнемі айтып отыратын. Ал ағам басы ауырса, бірден орамал тағып алады, «басымың ауырыптың қойды» дейді. Осыдан-ақ жаулықтың әйел басына үшін теңі дүние емес екенін аңғаруға болатындай...

Аржан НОҒАЙ



Көбінде ересек жандар «Бала не байқайды дейсің» деп көп қателеседі. Шын мәнінде, баланың сезімтал және барлық нәрсені тез байқағыш екенін өздері байқаймайды.

Бала кезінде «Қазақ әдебиеті» пәні оқулығындағы Аянды қатты аянттымын. Тағдыры анышты, ағын сылып басатын Аян ата-анасынан жетім қалған еді, өскенде осы Аянағ көмектесем екен деген бала тілегім әлі күнге көңілімде сайрап тұр. Оның өмірінде қуанышты сәттер көп болмады. Жетімдіктің, соғыстың зардабын көргені қорлық болды. Сөйте тұра, оқуға құштар әрі хат жазуға қабілетті болды. Өзге балаларға хат жазу арман болғанда, Аян болса кәдімгідей «Аса жанан артық көретін аға...» деп бастап хат жазатыны менің кітап оқуға деген құштарлығымды арттырды.

«Рас, мен ата-анамның ыстық махаббатын сезінген естім. Өкенің «батырым», шешенің «құлым» деген сөзін естімеген баланың ең асыл ізгі сезімдері дамымай қалады дейді психологтар. Мен осы сөзге сенемін. Отбасынан басталған әділетсіздік отау құрғанда да сақталып қалады. Өз ошағында болмаған бақыт көршінің ошағынан келмейді, сондықтан талмай еңбектену бақытты іздеу керек. Оны өзің іздеп таппасаң, ол қаша береді. Ал енді оны қуып жеткен біреу саған әкеп бермейді. Демек адамдар өз бақытын өзі іздейді.

Қонағы жоқ үйді көңіліңізді көлеңкесі ұялайды деген сөз бар. Бала атаға, анаға, әжеке, аяға, тіпті қала берді үйге келген қонаққа да қарап еседі. Сондықтан баласы бар үйдің қонақжай болғаны жақсы. Қонаққа бармаған қонақ күте алмайды дегендей, баланы да қонаққа апарып үйрету керек. Бұны өзіресе баланы ертей қонақтарыңды, қонаққа барғанды жақсы көретін ата-аналарға айтып берейі.

Кішкене саби бірдене құрастырып ойнаса, сіз де соны қайталаңызшы. Қуыршақ ойнап жатса, қуыршағының атын сұраңыз. Қатты қуанады. Байқап па едіңіз? Себебі өзін сірбен «бірмін, біргемін, бір жақпын» деп сезінеді.

БІЗДІҢ МӨЛДІР ӨЛЕМ

Саби өз жанынан әлі алыстай қоймаған. Беріміз бірдей Жаратқанның бөлшегі екенімізді ол жақсы сезеді. Адамдар арасында қашан кикілжік басталады? Ел мен ел қай кезде соғысады? Бір бірінен айырмашылығын байқап және соны қабылдай алмағанда, екеуіне ортақ дүниені емес, ажырататын нәрсені іздегенде адам тура мағынасында да, ауыл-қаласы мағынасында да соғысып қайындап бастайды. «Біз басқамыз, олар басқа, демек әртүрліміз» деген дұрыс. Оларды қата, «Біз – жақсымыз, олар – жаман» деген адасады.

Басқаны сен сияқты болмағаны үшін кемсіту, басқаша өмір сүріп, ойлағаны үшін өзіңді одан артық көру – алға бастырмайтын кесел. Беріміз бір ағзының, жүйенің бөлшегіміз. Мұны түйсінген адамның көңілі тыныш. Ол ешқашан өзін жалғыз сезінбейді. Жаратқанмен, өзінің жан дүниесімен, табиғатпен, айналасымен үйлесімді өмір сүреді. Өзгеден өзінкіне ұқсас қажеттілікті іздейтін адам – бақытты, көңелі адам.

Расында да, адамның адамнан, жандықтан жандықтан айырмашылығы жоқ. Қоңыз да тірі қалып, өмір сүргісі келеді. Сол үшін жанталасады. Жолын бөгесенді, қашады. Барлық тірі жанның қажеттілігі бір. Беріміз өмір сүргісі келеді, бақытты болғымыз келеді. Беріміз мейірімді қалаймыз. Қорлауды жек көреміз. Солай емес пе?

Апауа, өзінді ұлтпына, дінің, жынысына, жас ерекшелігіне қарай жоғары санау пейілдің тарлығын көрсетеді. Өз қалпында қала тұра, басқаның құрмет түті Өз бойыңдағы адами болмысың мен Жаратқанның нұрын екіге бөлмей, біреуін жоққа шығармай, қатар қабылдау – тұтастық. Жүрегіңде ғаламмен, өзімен бірлік, тұтастық сезіміне жеткен адам – бақытты. Бәріңізге бақыт тілеймін.

Меруерт ИЖИБЕКОВА,
Байқорған қаласы

МАМАН МІНБЕРІ

ОҚЫРМАН ДӨПТЕРІНЕН

БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫНАН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Әрбір ата-ана өз баласына жауапкершілікпен қарауға тиіс. Әсіресе балаларды отпен ойнауға әдеттендірмеу керек. Мүмкін болғанынша бір мезгіл өрттің зиянды құбылыс екенін өңгімелеп отырған дұрыс. Өрт оқиғасының көбі балалардың отпен ойнауынан яғни, сіріңке жағып ойнауынан болатыны кездәйсоқтық емес. Бұндай өрт оқиғалары өте қауіпті. Ол балалардың қатты жарақат алуына, кей кездерде балалар өліміне әкеп соқтыруы мүмкін.



А. АРАПБАЕВ,
Жалағаш ауданы

АҚ ПЕН ҚАРА

Болсын сынақ, болсын мейлі тағы да, Төземін деп мақсат қойдым алдыма. Қарамасын, мән бермесің ешкімім Мен күрескер! Теген бұрер тағдырға!

Жүріп келем адалдықпен келісіп, Жүріп келем арамдықпен келісіп. Не қылайын тұнығымды лайлап? Надандықпен, өтірікпен тең түсіп.

Жолтасын жамандықты қасыма, Күтем ылғи жақсылықты асыға! Турады ылғи ақ пен қара алмасып, Өмір – сынақ, Құрбым, сен де жасыма!

АБАЙ

Тендесі жоқ ғаламың, Ұлы ақыны даламың. Өмір жолын Абайдың, Мақтаншыпен қараймын.

Жас ұрпаққа үлгіңіз Терең ойлап, ел білісін. Сән аттыңнан құяңды, Тамақталдырған жыр-мүсін.

КІТАП

Апарсың бай қазына, Ұлы қарап қызға. Ішінде көп ақпарат, Уақытыңды бөл, жарат.

Зейіңді ашататын, Білім нәрін шашатын. Қолыңа алып, үңілсең, Қарапайым бұл кітап.

Көзінді алмай оқысың, Әрбір сөзін тықсың. Айтпай уақыт тауың, Кітаппенен аяуың.

Жас бала да, көрі де, Тастамайды бәрі де. Түрлі кітап сөздерде, Гүлдәп алып көріңдер!

Тәуелсіздік

Тәуелсіздік аялдық бүгін, Ашық аспан, белгіт күн. Жайқалады сұлу гүлім, Бейбітшілік – тыныш түн!

Ұмытылып азап күн, Қонды өлімге азатың! Болсын бақыт, мереке Бар үйінде қазақтың!

Нұрай АРЫСБЕКОВА,
Қызылорда қаласы



ТЕРГЕУШІ АСЫЛБЕК

Қоғам және адам бар жерде, түрлі мәселелердің туындайтыны ақиқат. Қылмыс та сол адамның қолымен жасалады. Бұл ретте тәртіп сақшыларының еңбегі өленуге тұрарлық. Полицияның сан-салалы қызметінің ішінде де мамандардың атқаратын түрлі міндеттері бар. Мәселен, қылмыс болған орынға бару, қылмысты ашуға атсалысу, қылмыскерлерді тергеу, сот процесіне қатысу сияқты нәрселер адам жүрегіне салмақ түсіреді. Түрлі адамдармен сөйлесіп, түрлі мінез көрсетуге тура келеді. Мұндайда Асылбек Бексейітов алдына жан салмайды.

Қылмыс ашудың да өзіндік құпиясы мен тәртібі бар. Дегенмен қызмет бабында полицейлерге орынсыз дүрлігіп қонырау шалатындар да кездеседі екен. Қонырау түскен мезетте тун демей, күл демей полицейлер сол жерге жетуге тиіс. Мәселен, отбасылық жанжал, екі адамның төбелесі, ұрлық, адам өлімі, т.б. Күдіксіз қолға түскеннен, әу баста өзіне тағылан айыпты мойындамай, жауаптан жалтарып кете беретін сәттер де болады. Мұндайда тәжірибелі тергеушінің өзі тығырыққа тіреліп, іс толық ашылмай қалуы мүмкін. Бүкіл қазақ жұртшылығын дүрліктірген атышулы Гарант 24 ломбард қызметіне байланысты іске бастан-аяқ қатысып қылмыстық кодекстің 217 бабының

3-інші тармағының 2 бөлігіне сәйкес алаяқтарды құрыққа түсіріп, арқайсысына айыбын арқалатқан Қызылорда облыстық Полиция департаментінің Тергеу басқармасының аға тергеушісі, полиция майоры Асылбек Бексейітов есімі елге жақсы таныс. Тергеу саласында 10 жылдан аса еңбек етіп келе жатқан білікті маман осы уақытқа дейін бірнеше қылмысты ашкереледі. Соның ішінде әлі күнге дейін Асылбектың жадынан кетпейтіні Гарант 24 ломбардының алаяқтығы. Полиция майоры қаржылық пирамида ретінде құралған қылмыстық топқа қатысты тергеу ісін аяқтап, Ақтөбедегі сотқа жіберді.

— Адамның бәрі қылмыстың бірі осы қомақты ақша жоғалды, тонап кетті деген желеумен шақырып алып, соңынан олай болмай шығатыны да жиі кездесіп тұрады. Осындай сәттердің бәрінде анықтау қиын. Елде резонанс тудырған оқиғаның бірі Гарант 24 ломбардының алаяқтық мәселесі еді. 2000-нан аса қызылордалық тұрғын ломбардтың құрбанына айналып, бағалы мүлкінен айырылған. Арызданған халықтың уәжін тыңдап, күдіктерді анықтап, қамауға алдық. Бүгінде іс Ақтөбе қаласындағы сотқа жолданды. Сонымен қатар қылмыстық кодекстің 124 бабы яғни жасөспірімдерге азғындық жасау әрекеттері бойынша бірнеше қылмыстың бетін аштық. Қоғамда жағра ұстағанын қылмыстың бірі осы

педофилдық іс болып тұр. Аталған іске байланысты бірнеше қылмыскерді 11 жылдан аса бас бостандығынан айыруға қызмет атқардық, — дейді білікті маман. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген тәміл бар. Асылбек — әке жолын жалғанған полиция. Туған бауыры Алтынбек Бексейітов те қотан тәртібін түзеуге ат салысып жүрген қызметкер. Ұрпақ сабақтастығын жалғанған Бексейітовтердің үлгісі ісі көп-ақ. Ата өсіетін, әке өнегесін көңірігіне түйіп өскен, «полиция қызметкері» деген қыян да жауапты қызметті саналы түрде таңдап алған мамандар Қазақстандағы тәртіп пен тыныштықтың, құқық пен бостандықтың күзетінде күн-түн демей еңбек етіп жүр.

ПОДПОЛКОВНИК АРАЙ

Өмір мен өлім беттескен сәтте де, қауіп пен қатер қатар төнген кезде де ер білекті, батыр жүректі әйелдер болған. Қазіргі кезде де мұндай жандарды кездестіруге болады. Дәй тұрғанмен, қыз баланың жалпы әйел затының нәзік жаратылысы екенін әрдайым есте тұрады.

Бүгінгі таңда құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін нәзікжандылар саны артып келеді. Бір ғана Қызылорда облыстық полиция департаментіне қарасты мекемелерде 2198 қызметкер болса, соның 211-і қыз-келіншек. Әрине, олардың арасында ұзақ жылдар бойы осы саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып келе жатқандары да, қадамын енді басқандары да бар. Қайбірімен сұхбаттаса қалсаңыз, олар бұл саланың қиын да қауіпті екенін айтады. Жұмысы қиын және өте қауіпті болса да полиция подполковнигі Арай Дюсенаева 15 жылдан астам уақыт аралығында Анықтау басқармасына аға анықтаушы болып жұмыс істейді. Оның басты міндеті шаһардағы шу шыққан қылмыстарды анықтау. Арай Қызылорда қаласындағы №9 мектеп-гимназияны үздік бітіріп, Ақтөбе заң колледжінде заңгер мамандығында оқыды. Білімін жетілдіру мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің заңгер мамандығын тәмамдаған. Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының анықтау бөлімінде анықтаушы қызметін, Қызылорда облыстық Полиция департаментінің Анықтау басқармасының аға анықтаушысы қызметін атқарады. 2016 жылдан бері Қызылорда облысы Полиция департаментінің Тергеу басқармасының жол-көлік оқиғасы және өрт оқиғаларын тергеу бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға анықтаушысы. Арайға ҚР ІІМ-нің Құқық жөніндегі қамтасыз етуге қоқан үлесі үшін “Үздік медаль” және 2 дәрежелі «Ішкі істер органының үздігі» медаль табысталды. Бүгінде кейіпкеріміз — екі баланың анасы.



Ол “адам бойындағы қайсарлық қана қиындықты жеңеді” деген ұстанымды ту етіп келеді.

Ерасыл ШӨРІБЕК

26 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮНІ

АШИЫН СОҒЫСЫ

Галлюцинация әсері бар шөптерді пайдалану тарихы мыңдаған жылдардан бастау алады. Алғашында олар дин және медициналық мақсатта пайдаланылған, одан кейін бизнес құралына айналды. XVIII ғасырда Қытай мен Британия арасында Апиын соғысы деп аталып кеткен екі соғыс болды. 1909 жылы ақпанда Шанхайда апиын комиссиясы жұмыс жүргізді, оның отырысына 13 ел қатысты. Мақсат — есірткі құралын әкелуді шектеу. Бірақ осы күнге дейін есірткінің таралуы және пайдалануы аса маңызды әрі көкейтесті мәселе ретінде күн тәртібінен түскен емес. Осы мақсатта нашақорлыққа қарсы күрес күнін 1987 жылы 26 маусымда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылданды. Осы күні өткізілген Халықаралық конференция барысында ВІС ауруының таралуына жол ашатын ине арқылы есірткі қабылдауға қарсы күрес мақсатында бағдарлама даярланды.

Елімізде өткен жылы нашақорлыққа байланысты 9 мыңнан астам қылмыс тіркеліп, 20 тоннадан астам есірткі айналымнан алынған. Мұнымен қоса есірткіні мәшһерден артық қолданған 211 адамның көз жұмғаны да анықталып отыр. Қазақстанда нашақорлық дертіне шалдыққан 52 мыңнан астам адамның 60 пайызы 30 жасқа дейінгі азаматтардан тұрады. Мемлекеттік емес ұйымдардың жүргізген сауалнамасы бойынша, елімізде әрбір оныншы адам өмірінде бір рет болса да есірткі пайдаланған көрінеді.



Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні бұқараны есірткі мәселесіне назар аудартуға себепші болып отыр. Нашақорлық — әлеуметке ортақ проблема, қоғамның дерті. Бұл дертті жоюда қызылордалық полицейлердің

еңбегі ерен. Мәселен, жұмырда Қызылорда облысы Полиция департаментінің патрульдік полиция ротасының қызметкерлері Самара-Шымкент тасжолының ішінен полиэтилен пакетке орған ерекше иіс бар шөп тәрлізге зат анықталды. Сараптама қорытындысына

сәйкес, тәркіленген зат жалпы салмағы жарты келіден астам кептірілген марихуана болып шықты. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабы 2-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Одан бөлек, 20

мамырда Қызылорда қалалық ПБ-ның Ақсай полиция бөліміне жергілікті тұрғын өз үйінде есірткі заттарын сақтайды деген ақпарат келіп түсті. Жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде күдіктінің тұрғылықты мекен-жайына тіпті, тергеу әрекетін жүргізу барысында ерекше иіс бар жасып түсті есімдік тектес 103 полиэтилен пакет тәркіленді. Тәркіленген заттар сараптама қорытындысымен 10 келіден астам кептірілген марихуана екені анықталды. Сонымен қатар арнайы іс-шара аясында жоғарыда аталған күдіктінің бұл затты жеке пайдалану үшін сақтаумен айналысқаны белгілі болды. Күдікті бұрын ҚР ҚК-нің 300-бабы бойынша сотталып, 2018 жылы бостандыққа шыққан. Қазір күдікті Қызылорда қалалық Полиция басқармасының уақытша ұстау изоляторына қамалды. Айта кетейік, аталған қылмыс үшін үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Қызылорда қаласы бойынша жыл басынан бері 42 есірткі қылмысы анықталды. Бұл бағытта ішкі істер органдары мен қаланың мүдделі қызметтері, басқа да құқық қорғау органдары арнайы органдармен бірлесіп, қажетті жұмыстарды атқарып келеді. Есірткінің заңсыз алқаптарын анықтау және жою бағытында профилактикалық және рейдтік іс-шаралар жалғасын табуда.

Жер бетінде миллиондаған өмірді мезгілсіз қиып жатқан нашақорлыққа қарсы күрес әлем мемлекеттеріне ортақ мәселе. Біздің елімізде де нашақорлыққа қарсы ауқымды жұмыстар атқарылуда. Дегенмен, қоғам дертін түбегейлі жою мүмкін болмай отыр. Бастысы, дерттің жастар арасында таралуына тосқауыл қою мақсатында аймағымызда түрлі шаралар өтуде.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

ШЫРФАЛАҢ

Аяға інісінің түндөлеткен суыт жүрсі үнамай-ақ қойды. Ұялы телефонындағы сағатқа қараса, түнгі 03:00-ді көрсетіп тұр екен. Ауыл түні кым-жырт. Даладағы сөкіде жатқан Аяның ойы сан-саққа жүгіруде. Інісі Мақсат тоғызыншы сыныптан кейін үйіндегілердің ешқайсысына қулақ аспай, қолдағже оқуға түскен. Студент атаңалы түнгі жүрсі де көбейді. Анда-санда сырлатып, өркіммен жұдырықтысып келетін болай жүр. Ішінен «мына өтпелі кезеңнен өтемі дегенше аман-есен жүрсө болар еді» деп күрсініп, Мақсатқа телефон шалмақ болды. Осы сөтте дәрбазаны есігі сықыр өтіп, Мақсат кіріп келді. Келе сала даладағы сусебізгіге кіріп кетті.

Мақсат бүгін де Сөния үшін бұрынғы сыныптары Бағдатпен төбелесіп қалды. Бағдат Аяның көңіл қосып жүрген қызы Сөнияның соңынан жүгіруін қояр емес. Соны ескертемі деген ерегістің соңы қып-қызыл төбелес болды.

Мақсат ауылдың ең көркем, алайда мінезі шартпа-шұрт жігіті. Он алты жастан енді асқан бозбаланың арманы да асқақ. Бүгінгі күні қолдағже құқықтану мамандығының екінші курсында оқып жүр. Сөниэммен қыз-жігіт болай күздегі жүргеніне де жылға жуықтады. Болашақ үздік зәңгер, білікті тәрғеуші болу мақсаты. Бар арманы ағасы Аяңды жарымжан күйге түсірген қылмыскерді құрықтау.

Таңертең Аян Мақсаттың көгерген жүзін көріп, ашуға булықты.

– Тағы не үшін төбелестің? Кіммен?

– Жай жігіттермен сөзге келіп... Мақсат міңгірлей жауап берді.

– Осылай жүріп, ұрынассың бөлеге! Жайыңмен тыныш жүр, ата-анамызды жерге қаратпа! – деді Аян.

Аяның сәлданайтандай жөні бар. Інісі өзінің көбін кие ме деп қорқады. Албырт кезде, жадына жара салған оқиға өшпестей із қалдырған. Ол ойша өткен өміріне оралды.

АДАСҚАНДАР

Ол кезде Аян заң университетін бітіріп, ауылға ұнасақша полициямен келісетін болып жұмысқа енді орналасқан еді. Мейірабан Аяңды ауыл полициясының қызметі ескертіп жіберді. Адамдарға астамси қарап, менісбеушілік танытуды шығарды. Бұл әрекеті бірінші кезекте сыныптастары Арман мен Алтынбектың ашуына тиді. Олар да ауылдың «өзінше» жігіттері еді. Тек айырмашылығы, олар Аяға ұқсап жоғарғы білім алмады, ауылдың қарапайым тіршілігімен, анда-санда ішмдікпен алданып, күндерін өткізіп жүр.

Арман Алтынбекке ой тастады. – Бұл ойыма қалай қарайсың? Бір рет сауда айналымын жасасақ, байып шыға келеміз. Одан кейін қайтадан айналыспаймыз. Полициясымақ Аяғқа көз жасыңды бір сығып жіберсең, көз жұма салады.

– Сен дұрыс айтасың, әйтпесе, жиырма бес жасқа келіп, ия дені дұрыс жұмыс, жұрттар сияқты көлігіміз де жоқ, – деді Алтынбек.

«Жұрттар» деп меңзеп тұрғаны Аян болатын. Мектепті өзімізден бітірген олар он бірінші сыныпты алтын белгімен тәмамдап, бүгінде абайрой шарықтап, ауылдың бірдей полициясы болған Аяңды көре алмайтын еді.

Бір сағатқа жуық екеуінің талқылап отырғаны, қарасора егу еді. Арман құда баласының шексіз байлығына қызығып, сыр сурьтпағанда, осындай есірткі өсірумен айналысатынын біліп, Алтынбекке ой тастап отырған беті.

Олар сол күннен бастап бұл шаруаны мықтап қолға алды. Мамыр айының басында ауласындағы бақшаны дайында бастады. Алтынбек пен Арманның үйі бір-біріне жапсарлас, оның үстіне ауылдың шетінде, тоғайға жақын болатын. Олар екі үйдің бақшасына есірткі мен қоса адамдардың назары түспеуі үшін екі қалпалына картоп екті. Тамыз айында есірткінің біршама жұмын жинап кептіріп қойды. Осылайша алғашқы саудасын жүргізді.

Сөзден-сөз шығып, Арман мен Алтынбектің шытыралып асақа шаңа жүргені Аяның құлағына тиді. Ол мұның астарында шикілік барын сезді. Сөзді де, ауыл шетіне қарай аяңдады. Алтынбектің үйіне келе, олар Арманның бақшасында бұкшендеп, жұмыс жасап жүр екен. Аяңды көре сала, екеуі зымтарап келді.

– Бұл не жүрсі, Аян?

– Қалдарың қалай? Жай, жағдайларыңды білейін деп... – Көріп тұрғандай, жағдайымыз өте көремет! – деді Алтынбек.

– Қашаннан бастап біз іздей қалғансың, бізге көкірегіңді көріп жүретін едің, Аян, – деп Арман шап ете қалды. Оны Алтынбек тоқтатып үлгерді.

Аян да тістеніп, – Сөндерді байып тект дей ме, ауыл кішкентай, әңгіме тез тарайды ғой, қай банкті тоңадындар, – деді зілді өзгілмен.

Арман – Шаруаң болмасын, қылмыскерлеріңмен бізді шатастырма.

Осымен әңгіме бітті. Аян жол бойы ойланумен болды. Қазаның қақпағы жылы жабылып тұрар ма еді, кім білсін?! Кешкілік көше бойынан ашы айқай естілді. Аян далаға жүріге шықты.

Шығырып, жүгіріп келе жатқан Саматтың 10 жасар қызы екен. Бар дауысымен «Аян аға, үйге жүріңізші, папам қолында балта, мамамды өлтірсің келіп жүр» деді. Аян қыздың ізінен жүгіре басып, көшенің ағы бетіндегі Саматтың үйіне барды. Барса, Самат әйелінің соңынан балтамен күлауап жүр екен. Аян: «Самат, таста балтаны, қой, ақылға кел!»... Саматтың құлақ асатын түрі жоқ, Аян Саматпен алыса кетті. Қарулы жігіт демде Саматтың қолын артқа қайырып, арқанмен байлап тастады. Жұмыс көлігіне салып, қалаға алып кетті. Ішмдік ішкен дейін десе, иісі шықпайды. Не де болса, күдікті. Наркологиялық диспансерден Саматтың есірткі тұтыңғаны анықталды.

Аядай ғана ауылдан есірткіні қайдан алуы мүмкін деген ой Аяңды жедідей жеді. Саматтың үстінен қылмыстық із қозғалып, айыппұл төлеп.

Саматты «есірткіні қайдан алдың» деп сұрақтың астына алғанымен, онысынан түк шықпады. Самат «базардағы бейтаныс кісіден алдың» дегенінен танбады.

Саматтың әуелесімен жүргенде, бұл кезде Арман мен Алтынбектің саудасы

дүркіреп тұрған еді. Жақын маңдағы ауылдар мен қалада саудасы жүріп, екеуі арманындағы көпшіке қол жеткізді. Демнің арасында байып шыға келді. Бірақ бұл еселсіз ақшаның соңы бір отбасының күліп көкке ұшыратынын ешкім білмеді...

ҚАТЕЛІК
Бұрын ішмдік ішсе де,



ақылын ішпейтін Самат жұмысынан қол үзе қоймайтын. Бұл күнде есірткіге дәншіп алды. Арманның қыр соңынан қалмай, айтқанының бәріне құлдық ұрып, есірткі алмайынша тыным таппайтын болды. Аяның қатан бақылауына түскен ол тек түн жарымында Арманнан керекті дозасын алып, басқа әлемде жүретін.

Ал Арман мен Алтынбектің көлік алғаны Аяның күдігін қуялата түсті. Неге екенін білмейді, бірақ адал табыс емес екенін білмейді. Көп ойланғаша, төксерейін деп, түндөлетіп аулапарына келді. Алыстан адам сұлбасын көріп, талдың артына жасырынып үлгерді. Бағамдаса, ұртып, жан-жағына алаңдап келе жатқан Самат екен. Оған заң бойынша 22:00-ден кейін үйінен шығуға тыйым салынған. Тап беріп, айқайламақ болды да, өзін бір жілің ұшып ұстағанын түсініп, артынан аңауды ұйғарды.

Соңынан ақырындап жүріп отырды. Самат ауылдағы көл жағасына қанжыдай бергенде, алдынан үш адам жүгіріп шықты. Дауыстарынан таныды. Ауылдың өрімдей жігіттері. Олар отыра қалып, шегуге кірісті. Сонда ғана Аян Саматтың есірткіні қайдан және кімнен алып жүргенін ұқты. Бұларға сөз ұқтыра алмасын біліп, Арман мен Алтынбектің үйіне қарай барды. Есірткі саудасының жазасы ауыр екенін, жас өмірлерін қол қылмауын түсіндірмек болды. Қаншама төктерессе де сыныптастарын түрмеге қималды. Оларға үміт артып отырған ата-анасын ойлады. Ауыл адамдарының тыныштығын бұзбайын деп, мемлекетке берген анттың бұзды.

Арман мен Алтынбек түндөлетіп бақшада жүр екен. Аян оларға көргенінің бірін қалдырмай айтып, ауыл жастарын бұзбауға, адал жолмен нан табуға шақырды. Екеуі түсінгендей болып, Аяғқа үйіп-төгіп үзде беріп, шығарып салды. Олар ол кезде аулапарындағы барлық «арам шөптерді» жинап қойған еді.

ТАЛҚАНДАЛҒАН ТАҒДЫРЛАП

Самат сол күні есірткіні көп пайдаланды. Осылайша үйіне тәптіректеп әрең келе жатыр. Сол сөтте жалғызбасты көрші келіншектің амандасқан дауысын естіді. Дауысы нәпсіқұмарлығын оятты. Ізіше үйіне кіріп барды. Көршінің үйінде екі он жасқа толмаған баласы, әйел түпкі бөлмеде екен. Самат асханадан пышақ алып, екі баланы жайратып салды. Балаларының айқайынан жүгіре шыққан келіншекке тап берді. Оған да шірілікпен пышақ сұтып алды. Қақ жүректен тығын пышақ жаракатынан әйел тіп тартай еліп кетті. Самат өлікке бірер минут қарап отырып, арам ойын іске асырды. Сейтіт де, сол жерде ұйыға басты.

Таңертеңгілік жантүршіктерлік қылмыс елді аяғынан тік тұрғызды.

Саматтың қылмысын алғаш көрген сол үйдің сегіз жасар қызы сыныптасты Айым болды. Дрілдеп, анасына айтып барды. Ол Аяғқа хабар берді. Ел естімеген қылмыс ауылды

шығарған емес. Барлық қорқынышы інісі Мақсаттың өзі секілді ойыс төбелестен жапа шегіп қалмауын тілейді. Бірақ «бір айналдырғанды шар айналдырғанды», «неден қашсан, соған жолығасың» деп бекер айтаған ғой қазатқа.

Ал Мақсат ес білгені жалғыз бауырын осындай күйге түсірген қылмыскерді қайтсем де тауып, жазасын беремін деген мақсат қойғаны өзіне аян.

Түрмеден үлгілі тәртібі үшін ерте босап келген Арман мен Алтынбек бүгінгі күні өткен іске қатты өкінеді. Барлық қылмыс ақшаны арам жолмен тапқандан болғанын ұқты. Арман түрмедің жылдар ішінде Аяғқа жасаған опасыздығын ойламаған күні жоқ. Ауылға келген бойда Аяның үйіне жол тартты. Аяның аяғына жығылып, жанына маза бермеген кінәсі үшін өкініп тұрып кешірім сұрады. Осының бәрін басқа бөлмеде тұрған Мақсат естіп, қылмыскердің кім екенін түсінді.

КЕКШІЛДІКТІҢ АҚЫРЫ

Өдеттегідей кешкілік Мақсат көшеге шықты. Жан досы Рүстемге Арманды үйінен шақырып беріп, үлкен арық бойындағы көпірде күтетінін айтты. Күткен Арман да келді. Ірі денелі жігіт түрмеден азып-тозып шыққан Арманды төлпештей жөнелді.

Екеудің төбелесін алыстан байқаған Бағдат жүріге жетті. Сөздерінен ұқпаны, Аяңды мүгедек қылған, ауылдың тоз-тозын шығарған Арман екен. Мақсаттан Арманды арашаламақ болды. Бірақ жедел топты шақыртып, Саматты бұлтартпақ дәлелдермен тұтқындап, уақытша қамау орнына тасыырды.

Шығырман оқиғадан есеңгіреп, кешкілік қаладан келе жатқан Аян Арманның көлігін көзі шалып қалды. Соңынан көлігінің жылдамдығын арттырып қуып жетті. Машинадан түсе сала, Арманның жағасына жармасты. Екеуі сол жерде алыса кетті. Аян «сөндердің кесірілерінен қаншама өмір қыршып қылды, неге саттыңдар есірткі?», – деді шырынып. Аяңды бұрыннан сұқаны сүймейтін Арман құлақ асып жатқан жоқ. Төбелестен екеуі қан-жоса болды. Бір кезде Арманның көзі жерде жатқан ұзын шегеге түсті. Ол жалма-жан шегені қолына іліп алды да, Аяңды жығып жіберіп, қақ төбеге салып жіберді. Аян не болғанын түсініп үлгерем дегенше, Арман машинасына мініп қаша жөнелді.

Бір күнде кішкентай ауылда екі ірі қылмыс орын алды. Аяңды кедейсік бейтаныс адам ауруханаға жеткізді. Ұзақ емнен соң миына зақым келген өрімдей жігіт бір қол, бір аяғы жанысзандып мүгедекке айналды.

Жедел іздестіру тобы құрылып, ауылдың тынышы қашты. Криминалды полиция басқармасының аға жедел уәжілі, полиция подполковнигі Ермек Асқарұлы мен жедел уәжіл, полиция капитаны Мақсат Алданышұлы қылмыстың тұп-тамырын тәрғеуге кірісті. Тәрғеу барысында Саматтың есірткі қолданғаны, есірткіні кімнен алғаны әшкере болды. Арман мен Алтынбек те құрықталды. Олардың ауласынан табылған кептірілген есірткі заты тәркіленіп, жойылуға жіберілді.

Самат сот үкімімен ауыр қылмыс жасағаны үшін түпкілікті 19 жылға бас бостандығынан айырылды.

Ал Алтынбек пен Арман есуге тыйым салынған орам есімдігін заңсыз егіп өсіріп, арнайы кептіріп, аса ірі мөлшерде өткізу Мақсат Алданышұлы қылмыстың мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленіп, түпкілікті 11 жылға түрмеге қамалды.

Ал Аян қанша менмен болса да, қылмыскерді көрген жоқпын дегенінен танбады. Есірткімен тұтылғаны жетер, түрмедегі жылдарын көбейтпейін деді.

БАУЫРЛЫҚ ТҮЙСК

Он жылдан астам уақыт өтсе де Аян жазылмады. Бүгінде дәл өзін мұндай күйге түсірген адам туралы тісінен

P&S: Оқиға желісі бірнеше сот үкімдерінен алынды.

Айжан МҰҚТАРҚЫЗЫ,
Қызылорда облысы бойынша
Соттар әкімшісінің баспасөз қызметі

Балнұр КЕҢЕСБЕКҚЫЗЫ, невропатолог:

ИНСУЛЬТ ЖАС ТАЛҒАМАЙДЫ



– Соңғы уақытта инсульт жасарыл кетті деген ақпаратты жиі естіміз. Бұл қаншалықты рас? Қауіпті ауру түрі жас талғай ма? Жастар арасында бұл ауру қаншалықты жиі кездеседі?

Дүниежүзілік инсульт қрамының апараты бойынша жер бетіндегі әрбір алтыншы адам инсультпен ауырады. Статистика бойынша инсульттің ерлерде де, әйелдерде де кездесу жиілігі жоғары. Бірақ ер адамдарда әйелдермен салыстырғанда ауру ауыр өтеді. Сонымен қатар қазір 30-50 жас аралығында аурудың жиілігі жоғары болып тұр. Артериялық қан қысымының жоғарылауы, жүректің ишемиялық аурулары, қандағы холестериннің жоғары көрсеткіші аурудың пайда болуына әсер етеді. Ал мұндай белгілердің пайда болуына дұрыс тамақтанбау, шылым шегу, семіздік, жалпы қозғалыс белсенділігінің аздығы ықпал етеді. Жастарда инсульттің пайда болуына қан тамырларының аневризмасы себеп болады. Сондықтан бұл ауру түрі жас талғаймайды.

– Аурудың алғашқы белгілері қандай? Аурудың түрлері және пайда болу себептері жиі толық түсіндірілген бе?

– Инсульттің негізгі үш түрі бар: ишемиялық инсульт және геморрагиялық инсульт (қан құйылу), оның екі типі бар – мишілік және субарахноидальды. Қан құйылу тамырлардың жарылу салдарынан болады. Оған қан қысымының жоғарылауы әсер етеді. Жоғарыда аурудың негізгі себептерін атап өттім, алайда келесі қауіп-қатер факторларына ерекше тоқталғым келеді:

– Темекі шегу. Никотин салдарынан тамырлардың түйілуі пайда болады, оларда ишемиялық аурудың негізгі себепкері саналатын атеросклеротикалық түйіндер болады. Темекі шегуден бас тарту инсульттің пайда болуын өкітесімен төмендетуге мүмкіндік береді.

– Жүрек қағысының бұзылуы жүрек бөлімдерінде қанның тоқтап

қалуы тамырлардың бітелуіне қатысты қанның ұюына әкеледі.

– Артериялық гипертензия тамырлардың жарылу мүмкіндігін арттырады.

– Қант диабеті липидтік алмасудың бұзылуымен (холестерин түйіндерінің пайда болуы) және артериялық қысымының көтерілуімен көрінеді. Сонымен қатар қатер факторына артық салмақты, ішімдік ішуді, жүрек ауруы мен жас мөлшерін де жатқызуға болады. Осы факторлардың болуы ми қан айналымын бұзады. Сондықтан әрбір адамның өз ағасындағы жағдайды бақылап отыруы өте маңызды. Ол өмірге қауіп төндіретін патологиядан алыстауға мүмкіндік береді.

Аяқ-қолдардағы өлсіздік, ұю, сөйлеу бұзылысы немесе тілдің күрмелуі, бастың қатты ауыруы, тепе-теңдік бұзылысы, жүрек айну, құсу инсульттің алғашқы белгілері саналады. Науқас осы белгілерді байқаса, дереу жедел-жәрдем шақыртылуы абзал.

– Қазіргі медицина аталған ауру түрлерін толық емдеуге қауқары ма? Науқастарға негізінен қандай ем түрлері ұсынылады?

– Қазіргі медицина саласы инсультті емдеуге толық қауқарлы деп айта аламын. Инсульттің емі 2 бағытта жүргізіледі: инсульт салдарын емдеу және инсульт қайталануының алдын алу. Инсульт белгілері басталғаннан кейін 4 сағат ішінде тромболитикалық терапия жүргізіледі. Ол қан тамырларындағы тромбты ерітіп, қан тамырларындағы қанның жүруін қалпына келтіруге ықпал етеді. Оған қоса нейрорепротекторлы, гипотензивті терапия, ісінуге қарсы және реабилитациялық ем тағайындалады. Инсульттен кейін 2 жыл ерте және кеш реабилитациялық ем жүргізіледі (массаж, ЛФК, логопед, кинезиотерапия).

– Сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Әсел ӘБДЕШ, облыстық психикалық денсаулық орталығының аға психологы:

ҮШ БАҒЫТТА КӨМЕК БЕРЛЕДІ

Ішімдік пен есірткіге тәуелді адамдармен күресу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Десе де оларды аурудың айықтыру оңай емес. Бұл екеуін емдеп жазу арнайы мамандардың ғана қолынан келетін іс. Соның бірі облыстық психикалық денсаулық орталығының аға психологы – Әсел Әбдеш.

– Әсел, өзіңді газет оқырмандарына жақынырақ таныстырып өтсеңіз?

– Мен, Әсел Асылбекқызы Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығында аға психолог болып жұмыс атқарамын. Мамандығым – психолог. Қостанай облысы, Арқалық қаласындағы Үл.Алтынсарин атындағы институттың тәуелімін. 10 жылға жуық еңбек өтілі бар маманмын. Күнделікті қызмет барысында ішімдік пен есірткіге тәуелді азаматтармен жұмыс жасаймын. Науқастардың кеселді дертінен арылуы үшін қолымнан келгенше көмек көрсетемін.

– Әсел, психология саласын таңдауға не түрткі болды?

– Психология – бұл адамның жанын зерттейтін ғылым. Психолог маман біздің уақытта қажетті мамандық болып саналады. Қазіргі таңда жаңа қарқын алып келе жатқан бөленді және танымал мамандықтардың бірі десем қателеспеймін. Психология – бұл қарым-қатынас өнері, түсіну, қолдау және көмек. Бұл сала маған ерекше ұнады. Осы мамандықты таңдау арқылы мен өзгеруді, өзімді дамытудың жаңа қырын ашқандай болдым. Психология менің өміріме оң өзгерістер әкелді.

– Қазіргі қоғамға бұл мамандық қаншалықты қажет? Шетелде бұл сала қалай дамыған?

– Психология саласы – біздің елімізде енді қарқын алып, дамып келе жатқан мамандықтардың бірі. Бұрын азаматтар психологтардың көмегіне жүгінбейтін болса, қазір бұл салаға деген көзқарас өзгерді. Яғни, психологтармен сырласу және сұхбаттасу арқылы, проблеманың шешімін табуға болатынын қоғам түсініп келеді. Әр мәселенің оң шешімі болады. Психолог арқылы сол дұрыс шешімді табу алғандай жаңыл. Шетелде бұл мамандық өрине

дамыған. Өзге мемлекеттерде отбасылық психологтардың қызметіне жүгінушілер өте көп. Бұл мамандарға сұраныс та жоғары. Сөйкесінше, жаалақылары да бізбен салыстырғанда едәуір көп.

– Наркологиялық тәуелділігі бар науқастарға ем қалай жүргізіледі?

– Негізінен психологтар наркологиялық тәуелділігі бар науқастарға үш бағытта көмек жүргізеді. Оның ішінде: психотерапиялық, психокоррекциялық және психодиагностикалық. Сонымен қатар мамандар ем алушылардың туысқандарымен де кездесіп, отбасылық терапия жүргізеді. Арнайы сұхбаттасу арқылы науқасты алаңдататын мәселені терең зерттеп, шешімін табуға септігін тигізеді. Көп жағдайда мұндай ем-шаралар оң нәтиже береді. Әр науқаспен жеке-жеке жұмыс жасалынады. Түрлі сауалнамалар алынып, өзіндік даму бағытында семинар-тренингтер ұйымдастырылады.

– Сіз өз біліктілігіңізді қалай арттырасыз?

– Психологтар үшін ұдайы біліктілігін жетілдіріп, білімін толықтыру аса маңызды. Қазір технология дамыған заман, яғни күнделікті мамандыққа қатысты жаңа ақпараттар мен әдістемелер жарық көреді. Оларды игеру өте қажет. Біз жыл сайын халықаралық біліктілігі жоғары, өзін мойындаған психологтардың арнайы курстарына қатысамыз.

– Сіз өз біліктілігіңізді қалай арттырасыз?

– Психологтар үшін ұдайы біліктілігін жетілдіріп, білімін толықтыру аса маңызды. Қазір технология дамыған заман, яғни күнделікті мамандыққа қатысты жаңа ақпараттар мен әдістемелер жарық көреді. Оларды игеру өте қажет. Біз жыл сайын халықаралық біліктілігі жоғары, өзін мойындаған психологтардың арнайы курстарына қатысамыз.

– Сіз өз біліктілігіңізді қалай арттырасыз?

– Психологтар үшін ұдайы біліктілігін жетілдіріп, білімін толықтыру аса маңызды. Қазір технология дамыған заман, яғни күнделікті мамандыққа қатысты жаңа ақпараттар мен әдістемелер жарық көреді. Оларды игеру өте қажет. Біз жыл сайын халықаралық біліктілігі жоғары, өзін мойындаған психологтардың арнайы курстарына қатысамыз.

– Сіз өз біліктілігіңізді қалай арттырасыз?

– Психологтар үшін ұдайы біліктілігін жетілдіріп, білімін толықтыру аса маңызды. Қазір технология дамыған заман, яғни күнделікті мамандыққа қатысты жаңа ақпараттар мен әдістемелер жарық көреді. Оларды игеру өте қажет. Біз жыл сайын халықаралық біліктілігі жоғары, өзін мойындаған психологтардың арнайы курстарына қатысамыз.

– Бұл адамның өзіне байланысты. Бәрі ішкі дүниесіне, өзінің қалауымен орын алатын жағдай. Тіпті жазылмай кетуі де ғажап емес. Себебі адамды "мен аурумын, тәуелдімін" деген сөздер де іштей жеуі мүмкін. Сосын отбасының, жақындарының қамқорлығы, қасынан табылуы үлкен рөл атқарады. Әдетте ремиссия 1-2 жылға созылып, сосын рецидив болуы мүмкін.

– Статистиканы сөйлетсек, наркологиялық есепте тұрған қанша адам бар?

– Бүгінгі күні облыс бойынша 5346 науқас наркологиялық есепте тұр. Олардың 4646-сы маскүнемдікпен, 10-ы уытқұмар, 690-ы нашакор, 22 апынқұмар, 348 ғашішқұмар, 320 полинаркоман. 2021 жылдың басынан бастап облыс бойынша 2 жасөспірім уытқұмарлықпен есепте тұрады. Бірақ олардың арасында нашакорлар жоқ. 2020 жылдың қорытындысы бойынша облыста 296 нашакор есепке алынған. Сөйкесінше, 2021 жылдың басынан бастап 37 нашакор есепке алынған.

– Был қанша науқас емделді?

– 255 төсек-орынға есептелген наркологиялық стационарда жыл басынан бастап 500-ге жуық науқас емделіп шықты. Оның ішінде уытқұмар диагнозымен 1 жасөспірім тіркелген. Есірткіге тәуелділікті анықтаудың негізгі жолы – азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу. Осы мақсатта орталық наркологиялық-сараптама кабинеті тәулік бойы жұмыс істейді. Ал облыстық психикалық денсаулық орталығы психиатрия саласы бойынша 9 бөлімше жұмыс жасайды.

Мөлдір САБАҚРЖАН

СКРИНИНГТЕН НЕ ҮШІН ӨТЕДІ?

Скринингті зерттеу дегеніміз не?

Скринингті зерттеу – бұл ауруды ерте кезеңінде анықтау үшін денсаулығына шағын жоқ адамның медициналық тексерілуі.

Скрининг қоғамдық денсаулықты сақтауға бағытталған. Одан өту – әр азаматтың міндеті. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне сәйкес, жұмыс берушілер өз қызметкерінің скринингтен өтуі үшін барлық жағдайды жасауға, оның ішінде асықпай тексерілуден өтуі үшін жұмыстан босатуға міндетті.

Скринингтен өту үшін пациенттің МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесі болуы қажет.

Скринингті зерттеуден кімдер өтуі керек?

Скринингті тексерулерде қарастырылған белгілі бір жас тобына кіретіндер өтеді. Мысалы, жатыр мойны обрынскриингтен 30-70 жас аралығындағы әйелдер 4 жылда 1 рет өтеді. Егер осы жылы науқас скринингтен өту үшін тізімге енгізілсе, учаскелік медбике оны скринингке шақырады және тексеруге қалай дайындалу керегін айтады.

Скринингке жататын ауруы бойынша «Д» есепте тұрған адамдарға тексеру жүргізілмейді.

Скринингті зерттеуді кім жүргізеді?

Скринингті тіркелген жері бойынша емханалар жүргізеді.

Ауылдық жерде тұратын пациент үшін олардың медициналық ұйымдарынан басқа (медициналық пункттер, фельдшерлік-акушерлік пункттер, амбулатория, емхана және аудандық аурухана) жылжымалы медициналық



Ауруды ерте кезеңде анықтау – оның дамуына жол бәрмейді. Соның ішінде онкологиялық ісктерді ерте анықтау арқылы адам өмірін сақтап қалуға да болады. Скринингті зерттеулер скрининг туріне байланысты ТМҚК және МӘМС бойынша жүргізіледі. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры скринингтердің қалай жүргізілетінін және олардан кім өтуі керегін айтыр.

кешендер мен медициналық поездар скрининг жүргізеді.

Скринингті зерттеулерді жүргізу кезеңдері.

Скринингті зерттеу жүргізу мыналарды қамтиды: дайындық кезеңі, қарап-тексеру және (немесе) зерттеу кезеңі, қорытынды кезең.

Дайындық кезеңі емханада медбике жүзеге асырады және мыналарды қамтиды:

– скринингті зерттеуден өту қажет азаматтың тізімін жасау;

– бұл азаматтарды скринингті зерттеуден өту қажеттілігі мен шарттары туралы хабардар өту;

– халықты скринингті тексеруге шақыру;

– халықтың скринингтен уақытылы өтуін бақылау.

Содан кейін тексеру кезеңі жүргізіледі – бұл учаскелік дәрігердің, бейінді маманның, медбикелердің қабылдауы, сондай-ақ скринингті зерттеу туріне байланысты зертханалық және диагностикалық зерттеулер.

Қорытынды кезең толық тексеруді және анықталған патологиясы бар адамдарды динамикалық бақылауға қоюды қамтиды. Скринингтің нәтижесі медициналық аппараттық жүктеме енгізіледі, ал пациент толық тексеру және бақылау бойынша ұсыным алады.

Қарап-тексеру барысында анықталған созылмалы ауруы бар адамдар есепке қойылады және динамикалық бақылауда болады. Ауру анықталған кезде тексеру жүргізіледі, толық сауыққанға дейін пациенттің денсаулық жағдайын бағалау арқылы емдеу тағайындалады.

Скринингті зерттеу денсаулықты сақтау үшін өте маңызды, өйткені олар аурудың дамуын уақытылы анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтарды осы мүмкіндікті өткізіп алмай, емхана шақырған скринингке уақытында келіндер дейді.

ЖАҢА МЕДИАНЫҢ ЖОЛАШАРЫ

– 2011 жылдың көктемінде «Kyzylorda-news.kz» интернет газетіне қызметке 2 адам қабылданды. Оның бірі – марқұм Елібай Жікібаев болса, екіншісі – мен. Ол кезде облыстық «Сыр бойы» газетінің сайтына жауапты маман болып еңбек етіп жүргенмін. Аманжол Сақыпұлы шақырып облыста осындай электронды басылым ашылатынын айтты. Содан жұмысқа бел шеше кірісіп кеттім. Ең бірінші кезекте интернет газетінің дизайнын мен әкімшілік қажаттары бойынша жұмыс жасадым. Бір ерекшелігі, интернет газетте тек Қызылорда облысына ғана қатысты жаңалықтарды жариялап отырдық. Жарғы бойынша күніне екі тілде 15 ақпарат жариялауымыз керек болды. Алғашқы күндері осынша ақпарат табу қиын болды. Себебі, бәрі – журналистер де, түрлі мекемелердің баспасөз хатшылары да жаңалықтарды газет шығатын күндерге ығығылап, асықпай жазуды әдетке айналдырған. Елібай Зұлкарнайұлының іскерлігінің арқасында облыстық ішкі істер департаменті, төтенше жағдайлар және денсаулық сақтау басқармасы секілді мекемелердің баспасөз қызметімен тығыз байланыс орнатылды. Осынның арқасында облысты барлық мекемелердің баспасөз қызметі күнделікті оқиғалар мен жаңалықтарды дер кезінде бізге ұсынғып отырды. Бірінші қай тілде ақпарат келсе, соны екінші тілге аударатынбыз. Қазақшадан орысшаға Гүлнар Құлмұратова тез әрі қатесіз аударуға машықтанған маман болатын. Ал, орысшадан барлық қазақ тілді журналистер еркін аударатын. Сондай-ақ интернет газеттегі журналистер аптасына бір сұхбат, бір сараптамалық мақала жазуға міндетті болды. Бұл журналистерге қиын болған жоқ. Жұмысқа кіріскен 20 күннен соң жарғы бойынша күніне жариялауы керек болған 15 ақпараттың санын 18-ге, бір айдан кейін 20-ға жеткіздік. Бір сөзбен айтқанда, «Қызылорда облысы әкімінің ресми интернет газеті» деген аттымызға сай болу үшін қай-қадірлімізше еңбек еттік, – дейді Нәрселдин Қайназарұлы өз естелігінде.

Алғашқы жылдары интернет газеттің ұқымы облыс әкімінің баспасөз орталығында жұмысын бастады. Бұл – ресми әрі нақты ақпараттарға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, аймақ тұрғындарына, интернет ресурстарына қызығушылығы жоғары ақпарат ұсынуға зор мүмкіндік берді.

2012-2013 жылдары интернет газетке Нәзерке Саниязова, Шынар Бекбай, Аманжол Жақыбаев, Ақжүз Жатырарова, Қанат Маханов секілді журналистер жұмысқа қабылданды.

Бұл кезеңде интернет газеттің ауқымы ұлғайып, Қызылорда облысында алғаш орнықты жұмыс істейтін сайт оқырмандарының қатары артты. Күн сайын емес, сәт сайын дамып жатқан ақпараттық кеңістікте өз орнын қалыптастырды. Өмір жұртшылығына да етене танылып, аудиториясы кеңейді. Ал 2013 жылдың 30 желтоқсанында «Kyzylorda-news.kz» интернет газетінің «Қызылорда қалагерлерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің «Сыр медиа» ЖШС құрамына қабылдау туралы шешім қабылданды.

Осылайша «Сыр медиа» серіктестігінің құрамын интернет газет толықтыра түсті.

– «Kyzylorda-news.kz» интернет газетінде 2012-2014 жылдар аралығында бас редактордың орынбасары болып қызмет еттім. Сайттың алғашқы редакторы Елібай Жікібаев ағаман 2016 жылға дейін, анығын айтқанда, ол кісі дүниесі салғанға дейін бірге жұмыс жасаған. Ол медиакеңістікте ебден ысылған, қолтаңбасы қалыптасқан, көпжылдық тәжірибесі журналистер ретінде ақпарат құралының аяққа тұруына, өзіндік орнын табуына айтарлықтай үлес қосты. Жаңа медианы ақпараттың жеделдігі мен ықпалымен ерекшелігінен ескерсек, «Kyzylorda-news.kz» интернет газеті осы үлкен шығуға тырысты. Елібай Зұлкарнайұлы жаңалық оқырманға өтімді болу үшін ақпаратты күрделендірмей, қысқа да нұсқа жазылуына баса мән берген. Оның үстіне, әуелгі жылдары біздің жұмыс орнымыз облыс әкімінің баспасөз орталығында болды. Сонда ұйымдастырылатын брифингтерден ақпаратты шығулы тарату мүмкіндігі жоғары болды. «Kyzylorda-news.kz» интернет газеті осы уақыттың ішінде жергілікті жама емес, республикалық жама медиа құралдарының арасында беделі бар БАҚ-қа айналғаны рас. Өзіндік аудитория қалыптастырды, ролін



Елібай ЖІКІБАЕВ

айқынды. Ең бастысы, әлем мен ел жаңалықтарын айтапанда, Сыр бойының тыныс-тіршілігіне құлақ түре жүретін ағайын үшін ең жылдам ақпарат көзі болды, – дейді журналист Нәзерке Саниязова.

ИНТЕРНЕТ САЙТ АГЕНТТІКKE АЙНАЛДЫ

Қызылорда облысының БАҚ тарихында 2014 жыл – «Kyzylorda-news.kz» интернет газеті үшін алтын әріптермен жазылған ең ерекше жыл. Осы жылғы интернет газеті «ақпарат агенттігі» деген атауға ресми түрде қол жеткізіп, Қазақстандағы сәйкес ақпарат агенттіктерінің қатарына қосылды. Сондай-ақ облыстар арасынан тұңғыш болып тіркелген агенттік ретінде тарихта қалды.

Қалып оқырмандының қатары күн сайын артып келе жатқан ақпарат агенттігіне 2016 жылдың 7 желтоқсанында Сыр өңіріне танымал журналист, облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары Мұрат Жетпісбаев бас редактор болып тағайындалды.

2017 жылдың көктемінде «Қызылордада интернет газет ашылды екен» деген хабар естіген жұртты елең еткізді. Елендейтіндей де бар, ол тұста ірі қалаларда жүзеге аса бастаған жаңа медиа аймақ журналистері әлі соқа салмаған тыс сала еді. Көп кешіпей интернет басылмының сол кезде жұмысын бастағанына 3 жыл толған «Сыр медиа» ЖШС құрамында шығатында да белгілі болды. Бас редакторы да белгілінің қойыпты – республикалық «Қарауан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі, белгілі журналисті Елібай Жікібаевқа жаңа ұжымның екі тігін, бір шылбыры тапсырылатын болыпты. Осы жылғы 5 мамырда «Kyzylorda-news.kz» аты атауға ие болған интернет басылым жұмысын бастап та кетті. Алғашқының жүгі қатанда ауыр болады ғой. Елібай ағамыз жаңа ұжымның тапсырғасы үшін көп еңбек етті. Аймақтың ақпарат айдындағы алғашқы сайты қатарға қосқан қаламгер 2016 жылдың күзінде кенеттен дүниеден көшіп жүре берді. Басшылықтың ұсынысымен үш айдай бас редакторсыз тұрған ұжымды басқаруға сол жылдың 7 желтоқсанында келдісі жасадық. Ұжым болып тұрғын жұмысқа басшылығы «Қызылорда нысәнен» қоса облыстық, қала және аудандық газет сайттарының жұмысын үйлестірді де тапсырды. Ең алдымен жұмысты сайт дизайнын өзгертуден бастадық. Ұжым болып тұрғын жұмысқа, оны өзмізіне тапқыладық. Сырттан сайт жасайтын жігіттерді де таптық. Жұмысқа жүрдім-бардымдау қараған олармен арналысып жүріп көктеме қарай жаңа нұсқаны іске қостық. Мемлекеттік тапсырыс алудың талаптарына сәйкес оқырман көбітудің қатқабат жұмысын да ұжым болып атқардық. Тапсырыс алынған кейін де күніне екі тілде 40-тан астам материал әзірлеген

кезіміз де болды. Өз контентімізді қалыптастыру үшін серіктестікке қарасты сайттардың өсет беру жүзесін қалыптастырдық. Өр сайтта жергілікті жаңалықтардың басым болуына назар аудардық. Апта сайын сайт есебінің серіктестік лездесінде талқылап тұруы дәстүрге айналды.

Бүгінде еңірдің алғашқы ресми интернет ресурсы еліміз бен облыстың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-спорттық, тарихи-танымдық салаларында болып жатқан жаңалықтарды лезде жария етіп, ортақ іске өз үлес қосуда. Аймақтағы алғашқы интернет басылмының таудай ісіне тамшыдай болса да үлес қосқанды мақтаныш санаймын, – дейді бүгінде республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев.

Агенттікке Мұрат Ақынулы басшылық еткен жылдары сайтта жарияланған ақпараттар мен мақалалар сапалық тұрғыдан өсті. Фоторепортаждарды беру тұрақты қолға қойылып, апта сайын түрлі тақырыптарға суреттер топтамасын жариялап отыру дәстүрге айналды. Өсіресе фототілші Нұрболат Нұржаубайдың түрлі тақырыптағы фоторепортаждары мен фотозәтәдірлері оқырман қауым жағары бағалды.

Ақпарат агенттігі бас редакторының орынбасары Әлібек Байшүленов, тілші Фарица Омарова, Ақжүз Жатырарова түрлі мақала мақала жазуды қолға алып, көсібі денгейде шыңдала түсті. Сан алуан тақырыпты қамтыған сараптамалық мақалалардың саны артты. Ал бас редактордың орынбасары Жанбек Исеев порталдың орыс тілі бөлімінің жұмысын жетілдіруде тындырмды жұмыс атқарды. Исеев Жанбек Мыржаулы 2018 жылдың ақпаны – 2020 жылдың қаңтары аралығында «Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігі редакторының орынбасары қызметінде болды. Ол жаңалықтарды орналастыру тәртібіне біршама өзгерістер енгізді. Нәтижесінде Батыс Еуропа мен Американың үздік интернет БАҚ-тарынан қызықты жаңалықтарды ағылшын тілінен тікелей аударып, ақпараттаншыруды қолға алды. Бір мезгілде интернет он нәтижесінің бірі – 2019 жылдың ақпанында бүкіл Казнет пен ТМД елдерінің ақпарат көздері қарасы жазаған 90 жастағы поляк әйелінің қазақстандық отбасын іздеуі. «Kyzylorda-news.kz»-тің бастамасымен көтергені сол жаңалықтың ізмен артына отандық телеарналардың түсірілім топтары («Евразия», «Хабар») Польшаға арнайы барып, ол әйелдің қақтасыуымен репортаждар жарық көрді.

ЖАҢА МЕДИАНЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

Сәт сайын дамып, интернет ресурстарының қатары күн сайын көбейген кеңістікте өз

орнын тауып, аудиториясын қалыптастырған ақпарат агенттігіне 2018 жылдың қаңтар-қаза айлары аралығында белгілі журналист Дәуржан Елубаев басшылық етті. Қарымды журналист редактор болған небары 10 айдың ішінде ақпарат агенттігінің сайтында «Рухани жаңғыру» айдарымен 5 мыңнан астам мақала жарық көрді. Осынның арқасында Қызылорда облысында бұрын беймәлім болып келген киелі жерлер мен айбоз тұлғалар, баһадүр батырлар, халық ішінде танымал жүрген өмір шеберлерінің есімі елге танылып, күн сайын кең көлемде насихатталып отырды.

Қазақ журналистикасындағы жаңа медианың, яғни ақпарат таратудың басқа көзге қарағанда мүмкіндігі зор медиа-технологияның алғашқы қолданылуының бір ретінде танылып, тұрақты оқырмандың қалыптастырған «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің қызметкерлері де сәт сайын мың құбылып отырған замана кешіне бейімделе түсті. Өсіресе 2018 жылдың соңында (қараша айы) бас редакторлыққа келген журналист Дәурен Омаров агенттікке жаңа леп әкелді. Осы тұста тек «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің ғана емес, «Сыр медиа» ЖШС-нің қарасты облыстық, қалалық аудандық басылымдардың сайттарында жаңа медианың жаңашылдығы сезілді. Серіктестікке қарасты агенттік пен барлық басылмының сайт қызметіне жауапты мамандары жаңа медиа, оның ішінде SMM (Social Media Marketing), MMM (Messenger Media Marketing) жұмыстары үйретілді.

Бас редактор Дәурен Сейітжанұлы сайтта жарық көрген ақпараттардың тақырыбына да мән беріп, жаңа медианың талабына сай болуына назар аударды. Сайттарда жарық көрген ақпараттар «сайт тілінде» сөйлей бастады.

Жаңа медиаға бетбұрыс барысында «Сыр медиа» қызметкерлерінің көсібі денгейді көтеру мақсатында Қызылорда облысы әкімінің мен серіктестік басшылығының қолдауымен Алматы, Нұр-Сұлтан, Мәскеу қалаларында өткен медиа форумға зор мүмкіндік берілді. Іссапарлар ұйымдастырды. Мұндай тәжірибе алмасу мамандарға жаңа медианың жұмыс секілді жаңа трендтерді меңгеруге жол ашып, заман кешіне бағыт берді.

2019 жылдың шілде айында «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің бас редакторлығына журналист Нұрсұлтан Мықтыбай тағайындалды. Ол серіктестік басшылығының қолдауымен ақпарат агенттігінің дизайнын жаңартуды қолға алды. Оған білкікті мамандар таптырып, көп кешіпей ақпарат агенттігінің мультимедиялық мүмкіндіктерін қамтыған, жаңартылған әрі

жетілдірілген дизайнды заманауи веб-сайты іске қосылды. Жаңа дизайн агенттік тілшілеріне көптеген жаңа мүмкіндік ұсынды. Мәселен, агенттіктің жаңа сайтында аудиоподкаст бөлімі ашылды. Агенттік оқырмандары үшін күніне 3-6 ақпараттық, сараптамалық, мәдени, ағартушылық және авторлық жобалардың аудионұсқасын «ақылды радио» жаңрында тыңдау мүмкіндігі туы.

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің аудиоподкаст бөлімі «Сыр медиа» радиостудиясында жазылады. Подкасттарды агенттік тілшісі Фарица Омарова дыбыстап келеді. Осы орайда, еліміздегі көмір алпауыт ақпарат агенттіктері аудиоподкаст бөлімін енді ғана қолға алып жатқанын ескерсек, бұл аймақтық агенттік үшін ауыз толтырып айтатын үлкен жетістік.

Міне, жаңа медианың осындай жаңашылдықтарын игеруде мультимедиялық мүмкіндіктерді агенттік веб-сайтында жүзеге асыруда серіктестіктің сайт администраторы Бақытжан Салмұрзаның еңбегі зор болды. Кәсіби маман Бақытжан Қуатбайұлы порталдың жаңа дизайнын бастап, келгенде медиа-блогтар мен бөлімдердің еш кедергісі жұмыс жасауына мүмкіндік туғызды.

Жаңа медианың мүмкіндіктері кеңейген тұста «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің сайтында күн сайын өлеңдер, елімізде, облысымызда өтіп жатқан оқиғалар, шаралар мен ақпараттарды оқырмандарға жедел түрде ұсынудан белек, ешкімде қайталанбайтын өз өмірлері мен фоторепортаждар, бейнежазбалар беру жолға қойылғанын ерекше атап өткен жөн. Барлық әлеуметтік желілерде оқырмандармен байланыс тұрақты түрде жүзеге асырылып, әсіресе, жергілікті ақпараттарға, төл өнімдерге басымдық беру күн тәртібінен түскен емес.

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің тағы бір қадамы – жаңа медианың соны жаңалықтарының бірі – интернетте аударылып отырған тың және жаңа формасы ретінде қарастырылатын мультимедиялық лонгридті меңгеруді қолға алды. Лонгридтің басты ерекшелігі – әртүрлі мультимедиялық элементтерді, атап айтқанда, фото, видеожазба, инфографика, кесте, диаграмма, қанатты сөздерді пайдалана отырып, ұзақ мәтін жазуда. Бұл негізінен электронды басылымдарға негізделген формат. Бір сөзбен айтқанда, оқырмандың тақырыпты бас алмай, бір деммен оқып шығуы үшін әртүрлі ақпараттық шуды пайдалану. Мультимедиялық лонгридті меңгеру – агенттік тілшілері үшін үлкен жетістік екені сөзсіз. Сонымен қатар агенттік тілшілері өздерінің жеке авторлық жобаларын да күн сайын тұрақты түрде жүргізіп отырды. Оның ішінде Фарица Омарова қалып оқырманға «Баспасөзге шолу», «Аталуы күндер мен оқиғалардың қысқартылған жобалары арқылы танылса, Динара Маханова «Тарихта дәл осы күн», «Оқырман сауалы», «Елді толқандарға мәселесі» секілді бөлімдерді ашты. Ал, журналист тада Марабтеқызын қатарында аталған бөлімдер орыс тіліндегі нұсқасын халыққа ұсынды. Тілші материалдарын сайтқа орналастырып, әлеуметтік желіде таралуына жұмыс істеген сайт операторы Мұқағали Қарашғаның еңбегі орасан зор.

2020 жылы агенттік ұжымы қазақтың данашыны, ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай – 175» арнайы медиа-блогын іске қосты. Бұл бөлімде Абай Құнанбайұлының қатысты барлық сараптамалық мақалалар мен тарихи деректер, зерттеулер топтастырылды. Сондай-ақ журналист Фарица Омарова ақынның қара сөздері мен өлеңдеріне аудиоподкаст жасап, оқырмандар тарапынан бағасын алды. Медиа-порталдың осындай жаңашыл қадамдары облыс басшылығы да жоғары бағалас, «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің ұжымы Қызылорда облысы әкімінің Әжесі хатын алды.

10 жылдық мерзім ақпараттық агенттік үшін аз уақыт емес. Осы аралықта елмен етене жақын болғанын, әр ақпаратты сарапал, көпшілікке керек деректі дер кезінде ұсынғып көрген көзі қырағы оқырман Әжесі біледі. Осылайша, 10 жылдық тарихы бар портал бүгінде Қызылорда облысының жаңалықтарын жедел ұсынатын ақпарат құралына айналды.

ҚАСҚЫРЛАРДЫҢ ҚАРҚЫНЫ



Футболдан OlimpBet Қазақстан чемпионаты бел ортадан асты. Турнирлік кестеде көш соңында келе жатқан қызылордалық «Қайсарға» жаңа бапкер тағайындала салысымен ұпай еншілеу мүмкіндігі туды. Өткен аптаның сенбісінде қасқырлар біріншіліктің 16 туры аясында «Каспийге» қонаққа барды. Футбол сарапшылары бұл кездесуде алаң иелерін фаворит санады. Олай дегуе де толық негіз бар. Срджан Благович шәкірттері өз алаңында бір де бір рет жеңілмеген. Яғни «Астана», «Қайрат», «Тобыл» секілді алпауыт командалардың өзін теңіз жағасында тас талқан етті. Мұндай сәттерден соң «Қайсарды» сырт алаңда ұпай еншілейді дегеннің өзі неғайбыл. Дегенмен сенбі сырбойылықтар үшін сәтті аяқталды.

Владимир Никитенконың ізбасарлары кездесу басталысымен сауатты ойнал, қарсылас қанжасына 4 гол соқты. Алдымен Кларенс Битанг қарымта шабуылдан есеп ашса, шабуылшы Каролос Лаукеняс дубль авторы атанды. Команда қалғаны Думан Нералдаев Милошевич қорғаған қақпаға 4 голды соғып, командасының жеңісіне үлес қосты. Алаң иелері «Қайсардың» соңан 4 голмен екі голмен ғана жауап қайтарды. Қорытынды есеп 4-2, қасқырлардың пайдасында.

Матч аяқталысымен «Қайсар» футбол клубының жаңа бапкері Владимир Никитенконың алдағы жоспарын білдік.

— Қызылордаға келгеніме көп болған жоқ. Бірден білек сыбанып жұмысқа кірісіп кеттік. Ресми алғашқы ойымы «Тұранмен» өтті. Делты бағамдап, бірнеше шабыл ұйымдастырғанымызбен матчта гол соғу мүмкіндігі бұйырмады. Тактикалық және теориялық жаттығуларды үзбей «Каспийге» дайындалдық. Соның арқасында қарсыласымыздан үш ұпай еншіледік. Қазір командадағы барлық ойыншылардың қарым қабілетін байқау үстіндеміз. Негізгі мақсатым — біріншілікте ұпай мөлшерін көбейтіп, турнирлік кестеде жағдайымызды жақсарту. Егер біріншілікте жағдайымыз жақсы болса, Қазақстан кубогында табысты ойын көрсетуге болады. Клубқа трансферлік банның қойылатын жағдайы емес. Бірақ клуб қызметкерлері шектеуді алып тастау үшін жұмыс істеп жатыр. Өрине мәселе шешімін тапса, жаңа ойыншылар қосылуы бек мүмкін. Командадағы жағдай, атмосфера барлығы жақсы. Көмекшілермен бірге «Қайсарды» алға жетелеуге атсалысамын, — деді бас бапкер Владимир Никитенко.

АНГЛИЯ МЕН ХОРВАТИЯ ПЛЕЙ-ОФФ КЕЗЕҢІНДЕ

Бұл топтағы бірінші ойын Англия мен Хорватия құрамалары арасында өтті. Ал екінші кездесуде Хорватия құрамасы Шотландияны ірі есеппен жеңді.



Лондондағы Уэмбли стадионында өткен бұл ойын 1:3 есебімен Англия құрамасының пайдасына аяқталды. Кездесудегі жалғыз голды 12 минутта Рахим Стерлинг соқты.

Ал Глазго қаласындағы Хэмден Парк стадионында өткен ойын 1:3 есебімен Хорватия құрамасының пайдасына аяқталды. Қонақтардың сапында Никола Влашич (17-ші минут), Лука Модрич (62) және Иван Перичич (74) гол соқса, Шотландия құрамасында Каллум Макгрегор (42-ші минут) көзге түсті.

Осылайша, Англия құрамасы үш ойыннан кейін 7 ұпай жинап, бірінші орынға плей-офф кезеңіне шықты. Чехия құрамасының еншісінде ұпай. Хорватия ұлттық құрамасында да 4 ұпай. Бірақ екінші орынға Хорватия жайғасты. Себебі олар көбірек гол соқты. Дегенмен Чехия құрамасы үшінші орынмен плей-офф кезеңіне шығуы мүмкін. Ол үшін ұжым қалған топтардағы ойындардың нәтижесін күтеді. Бір ұпай жинаған Шотландия құрамасы соңғы орында.

РОНАЛДУ БАРСЕЛОНАҒА КЕЛЕ МЕ?



Гризманн, Серхи Роберто немесе Филиппе Коутиньо арасынан екі футболшының келісімшартқа қоспақ. Роналду мен «Ювентус» арасындағы келісімшарттың аяқталуына бір жыл бар. 36 жастағы форвард Туринге 2019 жылы маусымда «Реал» сапынан 117 миллион еуроға ауысқан Роналду 2020/2021 маусымында 29 гол салып, А сериясында ең мықты бомбардир атанды.

Жұлдызды футболшыға клуб басшысы Жоан Лапорта қызығып отырған көрінеді. Ол Лионель Месси мен Роналдуның басын «Барселонада» қосып, кейінгі он жылдағы футбол басым болған жұлдыздарын бір командаға жинаған адам ретінде тарихта қалғысы келеді. Роналду өз салпына қосу үшін каталондықтар Антуан Гризманның келісімшартқа қоспақ.

Елімізде айтулы мереке осымен 28-інші рет өткізілді. Халықаралық аренада еліміздің Әнұранның шырықтай, көк туды көкте желбіретіп жүрген сырбойылық спортшылар көп. Олимпиада ойындарында жеңіспен, жүлдемен оралған және төмірменен шыңдал, қатысқан спортшылар туралы ақпаратпен бөлісеміз. 2008 жылы Пекин Олимпиадасына гандболдан 10 спортшы Қазақстан құрамасында өнер көрсетті. Олар: Искакова Гүлзира, Тіліпова Екатерина, Травникова Ольга, Кубрина Наталья, Морковин Юлия, Аджидерская Ольга, Илюхина Елена, Никандрова Ксения, Парфенова Татьяна, Егунова Ольга. 2004 жылы Афины Паралимпиадасына жеңіл атлеттер Мұхтар Қамысбаев пен Юрий Квитков қатысты. 2008 жылы Пекин және 2012 жылы Лондон Олимпиадаларында ауыр атлетикадан Илья Ильин 2 дүркін чемпион атанды. 2008 жылы Пекин Олимпиадасына дзюдошылар Жанар Жанұнова мен Елдос Ысқанғалиев қатысты. 2012 жылы Лондон Олимпиадасында бокстан Марина Вольнова қола жүлдені иеленсе, еркін күрес балуаны Дәулет Ниязбеков, ауыр атлеттер Алмас Өтешов пен Александр

ХАБИБТЫҢ КЕҢЕСІ



Жеңіл салмақта UFC ұйымының чемпионы болған Хабиб Нурмагомедов Алматыдағы баспасөз жиыны кезінде қазақстандық кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин туралы пікірін айтып, Сауль Альвареспен үшінші рет шаршы алаңда кездеспуге кеңес берді.

«Генамен танысып. Бір мәрте кездестік. Өлемдік деңгейдегі боксшы, оның жекпе-жектерін бақылап жүреміз. Енді бір жекпе-жек өткізіп, ақша жинап алу керек. Содан соң карьерасын аяқтауға болады. Бұл — менің жеке кеңесім. Адамның жасы 35-тен асқан соң мұндай спортпен айналысудың қажеті жоқ деп

ойлаймын. Бокс — аралас жекпе-жекке қарағанда жарақаты көп спорт. Иә, аралас жекпе-жекте буыннан көп жарақат аласың. Бірақ бокста басың сау болмайды. Мен оның орнында болғанда блогерлерді сабайттын едім. Қазір «Канело» секілді жалындап тұрған жастармен жұдырықтасудың қажеті жоқ», — деді Хабиб.

«ҚАЙСАР» ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ТАҒЗЫМ ЖАСАДЫ



«Қайсар» футбол клубы коронавируспен күресте тұрғындар денсаулығын сақтау жолында өрлікпен көз жұмған дәрігерлерге арналған ескерткішке барып, тағзым жасады.

Футболшылар Covid-пен күресте өмірден өткен дәрігерлерге Құран бағыштап, бір минут үнсіздік жариялады. Клуб директоры Серік Досманбетов кәсіргі ахуалда ақ халатты абзал жандардың сіңірген еңбегі мен ерлігінің ұшан теңіз екенін жеткізді. — Дегенменнен дүниені дүрбелеңге салған індетпен күрес барысында өңірде

19 медицина маманы өмірден өтті. Сол бір қиын кезеңде дәрігерлер сан мыңдаған адамға қол ұшын созып, олардың өмірін сақтап қалды. Сол ізгілікті жолда індетті жұқтыру салдарынан ғұмыры erte үзілген дәрігерлер қашанда «Қайсар» футбол клубының жадында мәңгілікке сақталады, — деді клуб басшысы.

Біржан РАЛАН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДА КҮНІНДЕ



Зайчиков, жеңіл атлет Виктор Лептиковтер қатысып, төжірибеге алмасты. Ал Лондон Паралимпиадасына облыстан 3 спортшы бақ сынады. Олар: пауэрлифтингшілер Кабира Асқарова мен Айбек Өбжан, жеңіл атлет Ислам Салғимов. 2016 жылы Рио Олимпиадасына облыстан 3 спортшы қатысып, ауыр атлетикадан Александр Зайчиков қола жүлдені еншіледі. Еркін күрес балуаны Ғалымжан Өсербәев пен таяқондошы Айнур Есбергенова шеберлік шыңдады. Жасөспірімдер Олимпиада ойындарында 4 спортшы қатысып, 2 алтын, 2 қола медаль иеленді. 2010 жылы (Қытай) ауыр атлетикадан Рустем Сабай мен 2016 жылы (Норвегия) мөнерлеп сырғанаудан Элизабет Тұрсынбаева қола жүлделерге ие болса, 2014 жылы (Қытай) дзюдодан Бауыржан Жауынғаев пен 2018 жылы (Индонезия) байдарка және каноэде есуден Диас Бақрадин чемпион атанды. 2021 жылы Токио Олимпиадасына ҚР еңбек сіңірген спорт шеберлері, боксшы Қамшыбек Қоңқабаев, еркін күрес балуаны Дәулет Ниязбеков, қараткен ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мәлдір Жаңбырбай жолдама алды.



Айдос Мырзалы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі. Журналистикаға келуде жетістікке жеткен аға бұныға еліктедім дейді ол. Еңбек жолын "Ұстаз мәртебесі" газетінен бастады. Нұрлан Көбегенұлының мектебінде журналистиканың қыр-сырын меңгерді. Одан әрі,

Қызылорда облысының Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» БАҚ бөлімінде еңбек жолын жалғастырды, қазіргі таңда облыстық «Жастар ресурстық орталығының» баспасөз хатшысы қызметінде. — Менің ойымша, патриотизм — ол алдымен

ЕЛ ЕРТЕҢІ – ПАТРИОТ ҰРПАҚ

Шығармашылық салада жүргендер үшін Айдос Мырзалының есімі таныс. Әлеметің жерде белсенді жастың оқырманы да көп. Қоғамның өзекті мәселесін талқылаудан да қалыс қалған емес. Қай кезде де күліп жүретін Айдос жақында жаңа қызметке тағайындалды. Ол енді жастардың жаршысына айналды. Иә, сол жағалаудағы жастар ресурстық орталығы мен аудандардағы жаңалықты Айдос арқылы білеміз.

Ұйған, ұлтын сүйген азамат тәрбиелеуіміз қажет. Ел ертеңі ол – мемлекетіміздің білімді, бәсекеге қабілетті және патриот ұрпақтары, – дейді ол. Жалпы Тәуелсіздік ұғымын Айдос қалай түсінеді екен? Бұл жөнінде де сұрал көрдік... «Өрине ең бірінші тәуелсіздік ұғымы – еркін, азат ел деп түсінеміз. Расында солай. Тәуелсіздік – отыз жыл ішіндегі тағлымды бастамалар мен тарихи оқиғаларға толы қасиетті ұғым. Бүгінгі бейбіт күннің берекесі ата-баба қанымен, қын-қыстау заманмен жетті. Қазақ елінің тұғырлы тәуелсіздігі бүгінгі ұрпаққа аманат, болашаққа мирас болуға міндетті», – дейді ол.

«Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын» деген тілекті үлкен кісілерден жиі естиміз. Жастардан нені қалайсыз, қандай арманың, тілегің бар десең, көлік, үй деп дүниені армандап жететіні бар. Ал кейбіреуіне елдің тыныштығы маңызды. Иә, Тәуелсіз елде аман-есен тұрсақ, өзге армандарға қол жеткізу тұқ емес. Тұғырлы еліміздің тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Ел еңсесін тіктеген отыз жылдағы жетістіктер мен даму жолындағы жаңа бастамалар жағасын тауып, байрағымыз бікпесті берсін! Тәуелсіз еліміздің арманы айқын, қадамы нық жастары көп болсын!», – деп сөзін түйіндеді Айдос Мырзалы.

ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТЕТІН БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯ

3D - принтер

Бұл технология бірнеше жыл бұрын пайда болғанына қарамастан, 3D принтер үнемі дамып келеді. Технология арандат, кең тараған сайын 3D принтер аудиторияның ажырамас бөлігіне айналды. Мамандар хирургиялық ота кезінде донорлық орган ретінде қолданылатын емдік маңызды бөлшектер 3D принтерде басып шығару бойынша зерттелуі мүмкін. Зерттеу аяқталғаннан кейін адамдар донор кезегінде тұрамын деп уайымдамайды. Мысалы, бытыр алғаш рет 3D принтер арқылы кішкентай тірі жүрек басып шығарылды.

Сонымен қатар адамдар жақын арада өз үйін, велосипедін, тіпті көлігін басып шығара алады. Ал бұл бірінші рет 3D принтер арқылы басып шығарылған ғой сатылды.

Нурегор вакуум пойызы

Мұндай технологияны құру идеясы Илон Масктың бұл арманды шындыққа айналдыруға бел бұғана дейінгі бірнеше онжылдықтар бойы инженерлер ойында болды. "Нурегор" – бағыты басы мен соның ұстап тұратын параллель тубадан құралған жер үсті жолаушы пойызы. Труба ішінде ұзындығы 25-30 метрлі капсула сағатна 480-1200 километр жылдамдықпен қозғалады. Жобадағы капсулалар аралығы бар-жоғы 30 секундтық қашықтыққа тең.

Нидерланды Еуропаның бес қаласын Нурегор желісі арқылы байланыстырады. Нурегор мамандары бұл жүнісін қазіргі кезде қолданылатын кез келген көлік жүйесінен гөрі тиімді және арзан болатынын айтып отыр.

Өздігінен басқарылатын машиналар

Бұл – әлемдегі ең пайдалы технология. Миллиондаған адамдар автомобиль апаттарынан қаза табады. Бұның барлығы адам факторына байланысты, әсіресе мас күйдің көлік жүргізу, шаршау, абайсыздық және жауапсыздық жыл сайын мыңдаған адам өмірін жалғайды. Жүргізушісі жоқ машиналар осының бәрінен құтылуға мүмкіндік береді.

Нанотехнология

Суды зиянды заттардан тазартудан бастап адам ағзасын талдауға дейін – нанотехнологиялар жақын болашақта біз елестете алмайтын өлемді уаде етеді. Көлемі бірнеше нанометр болатын бөлшек машиналар жақын арада адамның ДНҚ-сын

зерттей бастайды және денелердің бастапқы құрамын өзгертуге мүмкіндік береді.

«Нанометр» дайынсыз ба?

Нанотехнология арқылы біз альцгеймер, қатерлі ісік, ЖИТС және басқа ауруларды емдей аламыз.

Уақыт өте келе адамзат нанотехнологиясыз өткенге тас дәуіріндегідей қарайтын болады, бірақ өзінде тек осы технологияның бізге не бере алатыны туралы тек болжамдар жасап, армандай аламыз.

Бионика – физикалық және психикалық жетілу технологиясы

Бионика адам бетінің құрылымын өзгертеді. Технологияға жақындаған сайын, мүмкіндігіміз бірнеше еселенетін уақытқа жақындай түсеміз.

Бионика (грек. bio – тіршілік элементі, сөзбе-сөз мағынасы – өмір сүруші) – тірі организмдердің құрылымы мен тіршілік ерекшеліктерінің ерекшелігі зерттеу негізінде техникалық құрал-жабдықтарды және түрлерін жасау және оларды жетілдіру әдістері туралы ғылым.

Көз жарығын бірнеше рет күшейте алатын линзалар зағип адамдарға көру мүмкіндігін береді. Адам күші 10 есе артып, жоғары секіру, жылдам жүгіру, көп жүкті көтеру, тіпті электронды құрылғыларды басқаруға болады. Қысқаша айтқанда, адам мен машина арасындағы шекара жоғалады. Жаңа мүмкіндіктердің арқасында өзмізге белгісіз және эмоцияларды бастан кешіземіз. Біз түсті "есті" аламыз, электронды өрістерді "сезе" аламыз немесе "Матрицадағы" сияқты миға жаңа ақпаратты жүктей аламыз.

Жасанды өт

Жасанды өтті өсіру технологиясы қарқынды дамып келеді. Дәмі мен энергиясы бойынша зертханада өсірілген үлгілер табиғи өнімге теңесті.

Бұл зиянды ет және қоршаған ортаға тиімді. Бірақ елтір Ұйымның мүлдемтер бойынша, XXI ғасырдың ортасына қарай өлем халқының саны 10



миллиардқа жетеді, ал етке деген сұраныстың төмендеуі екіталай.

Роботтар мен дроңдар

Робототехниканың дамуы адам өміріне көп жеңілдік әкелді. Қазіргі кезде дроңдардың танымалдылығы – бұл тек бастамасы. Көп ұзамай нарықта ақылы әрі пайдалы машиналар пайда болады.

Олар адамдарға көмектеседі, әңгіме-дүкен құрады немесе белгілі бір жерлерде адамдарды ауыстыра алады (даяшы, бармен, шаштараз). Бір нәрсе анық: робототехниканың дамуы тоқтайды. Көп ұзамай, теледидар, компьютер, қир жұмыс машиналар және микротолыңды пештер сияқты робот-ассистенттер жер планетасының ажырамас бөлігіне айналады.

Көп қабатты шаруа қожалықтары

2050 жылға қарай ғаламшар тұрғындарының 80 пайызы қалалық орталықтарда өмір сүреді, сондықтан көптеген мемлекеттер үшін негізгі проблема азық-түлік өндірісі проблемасын шешу болады. Көп қабатты шаруашылықтар қазір келетін арал мәселесінің шешімі. Бұл азық-түлік жүйесін қолдануда, бос жер мәселесін шешуде, әсіресе, бүкіл әлемде жер

жылдан-жылға қымбаттап жатқанын ескерсек, өте тиімді шешім. Сонымен қатар, мұндай шаруашылықтардың құрылыс жұмыс сүрді үнемдеуге мүмкіндік береді. Мұндай шаруа қожалықтар шынымен де жаңа өнімді өсіру мәселесінің таза әрі жеңіл шешімі.

Жасанды интеллект

Бірнеше жылдан бөрі бұқаралық ақпарат құралдары бізбен сөйлесе алатын, біздің бұйрықтарымыз бен эмоцияларымызды, тіпті өздерімізді түсінетін кибер серіктеске уаде беріп келеді. Соның бірі GPT-3 жасанды санасы. OpenAI өнмі GPT-3 деп аталатын жасанды интеллект технологиясы тек мәтінді аударып қана қоймай, әңгіме, өлең жазып, тіпті күн сұрақтарға да жауап бере алады.

Ол болашақта көптеген салада, соның ішінде бағдарлама технологиясы мен дизайнда қолданылады. Қазіргі уақытта GPT-3 шектеулі салада ғана қолданысқа енгізілген. GPT-3 – Құдайға сенетін жасанды интеллект. Инженерлер күндіз-түні адамның сезімі мен ымын түсінетін бағдарлама жасауға тынымсыз жұмыс істеп жатыр. Жетілдірілген технологияның арқасында бет құрылымын анықтау технологиясының кейбір AI қосымшалары біздің ашуланған немесе қуанған кезімді түсіну қабілетіне ие. Олардың кейбіреулері тіпті "көңілдерің" сипаттауға қабілетті.

Митто Каку: "Жақын болашақты ең негізгі технология – жасанды сана". Мұның бөрі қоршаған ортаны зерттеуге және тәжірибелерімен бөлісуге қабілетті роботтар жасаудың алғашқы қадамдары. Дел осы мақсатты ескерте отырып, сарапшылар бұл күні жетілген және ой-өріс көп машиналар адам өмірінің ажырамас бөлігі болады дейді.

Бонус: 1000 жыл өмір

Кембридж геронтологы Обри де Грейдің айтуынша, егер технология осылай дами берсе, жақын болашақта 1000 жасқа дейін өмір сүре алатын адамдар пайда болады. Зерттеуші бөліну қабілетін жоғалтқан жасушаларды бұзатын және оның орнына сау жасушаларды көбеюіне және қалпына келуіне мүмкіндік беретін тәжірибелерін айналысуда. Терапия 60 жастағы адамға 90 жасқа келгенше 30 жасқа қалтуға мүмкіндік береді. Процес 120 немесе 150 жыл ішінде және одан кейін қайталануы мүмкін. Грей мырзаның айтуынша, бұл әдісті жақын болашақта жүзеге асыруға болады.

24 – 30 маусым

JULY - JORAMAL

Тоқты Өзгелердің сізге сеніп тапсырған жұмысына бей-ажай қарай алмайсыз. Бар қынғанызбен көмек көрсетіп, қайырымдылық акцияларына атсалысыңыз. Сонымен қатар әділеттілікке қол жеткізу үшін барынша қысық саласыз.

Торпақ Кез келген пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік бар. Ойлау қабілетіңіз жоғары, сондықтан қиын тапсырманы өзін оңай орындай аласыз. Сіз өз ортаныңды көпбасшысыңыз. Оны кез келген адам мойындайды.

Егіз Жемісті апта. Танергенділік айтарлықтай жоғарыны болмаса да, біраз уақыттан соң айналысатын іс тауып аласыз. Бойыңызда күш-қуатыңыз көп. Сондықтан біраз шаруаны

Шаян Қиын шаруаның барлығы артта қалды. Енді тыныштықта демаласыз. Көтеріңкі көңіл-күйді болыңыз. Аптада көп күш қажет ететін, маңызды шаруаны, ірі жобаны қолға алмаңыз.

Арыстан Демалуға, күш-жігеріңізді қайта қалпына келтіруге қолайлы сәт. Кейбір шаруаны кейінге қалдырған жөн. Алайда мұқият болыңыз. Аптада тұстардың арасында болыңыз.

Бикеш Қызықты апта. Ішкі түйсігіңізге жүгіне отырып, ең қиын шаруаларды мойныңызға жүктесіңіз. Өзгелер ала алмаған асуды бағындырасыз. Сіздің тың идея барлығына унайды.

Таразы Аптаны пайдалы іспен айналысуға жұмсалыңыз. Өсіресе қиын шаруаларды қолға алған жөн. Жаңашылдыққа тез үйренесіз. Сонымен қатар көп ақпараттың ішінен өзінгізге қажеттісін ала аласыз.

Сарышаян Аптада атқарар шаруа көп. Ең алдымен қайысынан бастау қажет екенін реттеп алыңыз. Ойға түрлі жоспар келтеді. Бірақ идеяларды дәл қазір жүзеге асырудың қажеті жоқ. Себебі олар өзінде табыс әкелмейді.

Мерген Айналыңызда болып жатқан жағдайларға қарамастан, сабыр сақтап отырыңыз. Бұл шешімнің дұрыс болмақ, Соның арқасында қиындардан бойды аулақ ұстайсыз, сондай-ақ арандатпа

Тауешкі Аптада жаңа достар табысаңыз. Сонымен қатар алдағы уақытта өміріңіздің бір бөлігіне айналатын жаңды жолқытарысыз. Дегенмен тәуекелге барып, ірі көлемде сауда жасаудың қажеті жоқ.

Сұқүйғыш Апта сәтті болмақ. Бұл апта пайдалы іспен айналысуға да, жай демалуға да қолайлы уақыт. Өзінгізге ұнайтын қызықты іспен айналысыңыз. Апта ағында көңіл көтеретін кештің қонағы боласыз.

Балық Көптен бері ойлап жүрген жұмысыңыз іске асады. Ол үшін күш салмайсыз, оқиғаны сырттай бақылап отырыңыз. Ашықтығыңызды, шыншылдығыңызды бағалайтын жандар бар. Олар сізді барлық жағынан да қолдайды.

тындырасыз.

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

Меншік иесі: «Сыр Аралы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС шешімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Gmail.com: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Тарапымыз: 8533 Тапсырыс № 910